Түскі ас	қасықты оң қолмен ұстауға баулу, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу үйрету, мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту. «Он саусақ» үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды (мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру, өзіне-өзі қызмет көрсету)				
Күндізгі ұйқы	Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға үйрету, досының шешінбегенін				

	байқауға және оған көмегін ұсынуға баулу.«Әжемнің ерегісі» ертегіні мұқият тыңдауға машықтандыру				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Майтабанның алдын алу. (2 минут) Арнайы жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру. Орындыққа отырып екі аяғымызды алдыға созып башпайларымызды бүгу, босату(4-5 рет) Орындыққа отырып екі аяғымызды жерге қойып башпайымызды жоғары көтеру, өкшеміз еденде (4-5 рет)				
Бесін ас	мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту, ұқыпты тамақтану дағдыларын жетілдіру (Қоршаған ортамен танысу, мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сюжетті ролдік ойын: «Дүкен» Мақсаты: рөлге байланысты әрекет етудің жаңа тәсілдерін меңгеру	Ертегілер еліне саяхат: «Қызыл телпек» Мақсаты: Ертегі мазмұнын әңгімелеуге үйрету Ертегіні сахналату арқылы тіл байлықтарын жетілдіру.	EQUILIBRIO ойыны Мақсаты: тепетеңдікті сақтай отырып нұсқаулықтағы суретті құрастыру. Қол бұлшық еттерін дамыту.	Д/о: «Сиқырлы суреттер» Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.	Саусақ жаттығуы Көтерілсе күнім, Ашылады гүлім. Кешкісін күн батады Гүл ұйқыға жатады.
Балалармен жеке жұмыс	(Мүсіндеу) Жануарлардың мүсінін жасаудың әртүрлі тәсілдерін пайдалануды Алиханға үйретуді жалғастыру.	(Көркем әдебиет) Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білу мақсатында Есенкелдин Мағжанмен жеке жұмыс.	(Сурет салу) Қазақ оюларының элементтерін қолдануды Райымбекке үйрету ді жалғастыру.	(Құрастыру) Заттарды топтастыруды Жұмабек Жанайымға үйрету мақсатында жұмыс.	(Жаратылыстану) Үй жануарлары мен жабайы жануарлардың және олардың төлдерін, үй құстарын атауда Анармен жұмыс.
Серуенге дайындық, серуен	«Кім жылдам» ойыны мақсаты: өзін ретке келтіруге, өзіне-өзі қызмет көрсетуге баулу				
Серуен	Қазақтың ұлттық ойыны «Белбеу тастау» Мақсаты: балаларды жүгіруге жаттықтыру.	Қ/о: «Ұстаушы» Мақсаты: балалардың ептілігін, белгіге жауап беру шапшаңдығын дамыту, жүгіру дағдыларын жетілдіру.	«Шағын өзен» ойыны Мақсаты: балалардың кедергіден секіріп өту икемділігін дамыту.	Қ.ұ.о: «Доп ұру» Мақсаты: қолдың дәлдігі мен күшін дамыту.	Д/о: «Ағашты ата» Мақсаты: ағаштарды жапырақтарына қарап ажырата білуге үйрету.
Үйге қайту	Ата аналармен балалардың көңіл күйі, балалар отбасында өздері не істей алатындары, баланың жеке қызығушылығы туралы әңгімелесу, балаларға қандай ертегілер оқуға болатындығы жөнінде кеңес беру				

Тексерілді Ашанұ
әдіскер Ыманкулова А.Т

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: ЖШС «Нұр-Әли»
Тобы: «Күншуақ» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 2022 жыл қыркүйек айы, (26-30 аралығы)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүсенбі26	Сейсенбі 27	Сәрсенбі 28	Бейсенбі 29	Жұма 30
Балаларды қабылдау	Балаларды таңғы сүзгіден өткізіп, көтеріңкі көңіл күймен қабылдау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Балаларға ыңғайлы жағдай жасай отырып, қызығушылығын арттыру үшін жеке ойын ұйымдастыру. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуге машықтандыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге әдеттендіру (Сөйлеуді дамыту, танымдық әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу балалардың жеке ерекшеліктері туралы сұхбаттасу. Кеңес: мейлі қаншалықты тиянақты әрі жылдам орындасаңыз да, балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға тырыспаңыз.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Мақсаты: түрлі-түсті бөлшектерден үлгідегі өрнектерді құрастыру. Баланың логикасын, кеңістікті бағдарлауын дамыту. Бөлшек пен бүтіннің байланысын көре білу	Түрлі-түсті бөлшектерден алуан түрлі өрнектер құрастырады. 40 нұсқаулық карточкасы жеңілден күрделіге ауысып отырады.	№ 1 бөлшектерді түстері бойынша ажырату.	№ 2 суреттің екінші бөлігін құрастыру	№ 3 түрлі-түсті бөлшектерден алуан түрлі өрнектер құрастыру.
Таңертенгі жаттығу	Шеңберде аяқтың ұшымен өкшелеп жүру. Қол белде, оңға, солға бұрылыстар жасау. Қолдарын екі жаққа жайғызып, «Көбелек» жаттығуын жасату: ұшады, гүлге қонады, шырынын сорып, қайта ұшады. Қолдарымен күбідегі қимызды піскендей әрекеттер жасайды. Оң және сол қолдарын кезек көтеріп, еседі.				
Таңғы ас	Балалар қолдарын тамақтың алдында сабынды дұрыс қолданып өз бетінше жууға, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге, орамалды орнына ілуді үйрету, қасықты оң қолмен ұстауға баулу, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету (мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Д/о: «Не дыбыстайды?» Мақсаты: балалардың ненің қалай дыбыстай	Д/о: «Жаңылтпаштар» Мақсаты: балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам	Тіл жаттығуы: Тым қатулы кескіні, Жақтырмайтын ешкімді,	Саусақ жаттығуы Өрмелеген өрмекші, Өнеріңді көрсетші. Қалай, қайтіп тоқы	Пазл құрастыру Сүйікті ертегілер кейіпкерлері.

	тының білуі, айтуы керек.	айтуға үйрету.	Үлкен, қара қоңыздың Даусы алыстан естілді: ж-ж-ж-ж	дың Мынау ғажап өрмекті?	
Кестеге сай ұйымдастырылған іс-әрекет	**1.Дене шынықтыру** Мақсаты: Тізбекте жүп болып жүруді,бір-біріне екі қолмен допты домалатып беруді үйрету. Қ/о: «Ормандағы қояндар» Мақсаты: ептілікті, дәлдікті, шапшаңдық ты дамыту. **2.Сөйлеуді дамыту** «Сөздер» патшалығы на саяхат Мақсаты: Сөз түрлері (синоним, омоним, антоним сөздер) туралы жалпы түсінік беру. Байланыстырып сөйлеуге үйрету; дұрыс тыныс алуға, дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Сөздік қорларын дамыту. Достыққа, татулыққа тәрбиелеу. Д/о: «Тату сөздер» Д/о: «Пысық сөздер» Д/о: «Араз сөздер» **3.Математика негіздері** 4 саны және цифры. 4 санының құрамы.	**1.Сауат ашу негіздері** [у] дыбысы мен әрпі Мақсаты: Балаларды У әрпімен таныстыру; есту арқылы сөз арасынан қажетті дыбыстарды табуға үйрету. Саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру. Қоршаған ортаға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу. Д/о: «»Дыбысты ұста **2.Музыка** (маман жоспарымен) **3.Математика негіздері** Уақытты бағдарлау: таңертең, күндіз, кеш, түн, бүгін, кеше, ертең, бүрсігүні. Мақсаты: адамдардың таңертең, түсте, кешке не істейтіндерімен байланыстыра отырып, тәулік пен оның бөліктері туралы түсінік беруді жалғастыру; уақыт тізбегін орнатуды үйрету; «кеше», «бүгін», «ертең» ұғым дары туралы түсінік	**1.Дене шынықтыру** Тізерлеп тұрып еденге оң, сол жамбасымен отыру. Гим-лық орындықтың қырынан ұстап тартылу Қ/о: «Қуаласпақ» **2.Сауат ашу негіздері** [а],[у] дыбыстары мен әріптерін пысықтау. Мақсаты: [а],[у] дыбыстары мен А, У әріптерін қайталау; А, У әріптерінен сөз құрап, құраған сөздерін оқи білуге үйрету. **Д/о: (Дыбыстарды суретке түсірейік»** Мақсаты: дауысты, дауыссыз дыбыстар ды қайталау. **Д/о: «Сөз құра»** Мақсаты: өткен әріп терден сөз құрауды, қосып оқуды үйрету. **3.Көркем әдебнет** «Теледидармен болған жағдай». М.Янкина Мақсаты: Балалар- дың орт сөндіру құралдары туралы түсініктерін нақты- лау . Әңгіме	**1.Сөйлеуді дамыту** «Күзгі дала» М.Әлімбаев Мақсаты: Балаларға табиғаттағы күзгі құбылыстар туралы түсінік беру,өлеңді жаттап, мәнерлеп айтуға жаттықтыру. Өлеңнің бейнелі тілін сезінуді дамыту, күзгі даланы сипаттау үшін теңеу сөздер таңдауға жаттықтыру, сын есімдердің қолданы луына назар аударту. Көркем сөзге қызығу-шылыққа, табиғаттың әдемілігін сезіне білуге тәрбиелеу. М.Әлімбаев «Күзгі дала» өлеңін жаттау. **2.Қоршаған ортамен танысу** Мамандықтар Мақсаты: адамдардың әртүрлі мамандықтар туралы балалардың білімдерін жетілдіру; Мұнайшы, шахтер, құрылысшы мамандық тары туралы түсінігін	**1.Дене шынықтыру** Мақсаты: Тура салынған жіп бойы мен тепе- теңдікті сақтап жүруді үйрету. Қол мен аяққа сүйеніп төрт тағандап еңбек теуде қол мен аяқтың қимылдарын үйлесті ре білуін бекіту. Аяғын бірге, аяғын алшақ қойып ырғақты секіріп, басынан асыра қол шапалақтау ды орындауға жат-у. Қ/о: «Лақтыр тосып ал» Мақсаты:Допты лақ-тыру және қағып алуға жаттықтыру. **2.Сауат ашу негіздері** [л] дыбысы мен әрпі Мақсаты:Л әрпімен таныстыру; сөздік қорларын молайтып, байланыстырып сөйлеуге үйрету.Айтылу ерекшелігіне байланысты дыбыстар ды түрлеріне қарай ажырата білуге дағды ландыру, әртүрлі тапсырмаларды орын

	Мақсаты: балаларды 4 санымен және цифры мен, көрнекі түрде 4 санын шығарып алу жолдарымен таныс-у; 1,2,3,4 цифрларын заттардың санымен сәйкестендіруді, 4-ке дейін санауды, сандар ды ретімен атауды, реттік сандарды, заттарды ретімен көрсете отырып, дұрыс сәйкестендіруді үйрету. Орындықты төңкер-ң, 4 деген сан болады. Қатарында сандардың 3-тен кейін тұрады. **4.Құрастыру.** «Көпқабатты үй» Мақсаты:Балаларды үлгі бойынша көпқабатты үй жасауға, үйлерді түрлі кескін мен түрлі қабатты етіп салуға,құрылыс детальдарын берік етіп өзара біріктіруге үйрету. Еңбекті бағалай білуге тәрбиелеу. «Кірпішті алып бер» ойыны. Суретпен жұмыс.	беру. «Біз не істейміз?» ойыны «Кеше, бүгін,ертең» ойыны. **4.Қоршаған ортамен танысу** Жасыл дәріхана Мақсаты: жасыл дәріхана және оның қажеттігі жөнінде түсінік беру; емдік қасиеті бар өсімдіктермен таныстыру, оларды қажетті мөлшерде ғана жинап, өзге өсімдіктерге зиян келтірмеу жағын ескеруге үйрету. Балалармен жасыл дәріханаға серуен ұйымдастыру. Дәрілік өсімдіктермен таныстыру. Неге «дәрілік» өсімдіктер деп аталатынын түсіндіру. Д/о: «Бөлме өсімдік тері мен дәрілік өсімдіктерді ажырат» Мақсаты: бөлмеде өсетін өсімдіктер мен дәрілік өсімдіктерді бір-бірінен ажырата білу, қандай мақсатта өсірілетінін анықтау.	мазмұ- нын есте сақтауға және айтып беруге үйрету.Электр техникаларын дұрыс қолда ну туралы білімдерін бекіту. Мәтінді оқу және мазмұны бойынша әңгімелесу. **4.Қазақ тілі** Менің отбасым Мақсаты: отбасы мүшелерін қазақ тілінде дұрыс атауды үйрету; тіл үйренуге деген қызығушылық тарын арттыру; отбасы мүшелерін сыйлап, оларға қамқор бола білуге тәрбиелеу. -Балабақшадан кешке сендерді кім алып кетеді? Сұрағын аудару арқылы түсіндіріп, қалай жауап беру керектігін түсіндіреді балалардың әртүрлі жауаптарын тыңдайды. Отбасының суретін көрсетіп, отбасы мүшелерін атату. [ə] дыбысының айтылуын қайталатып «әке», «әже», «әпке» сөздерін анық айтқызу.	қалыптастыру. Пайдалы қазба байлық тары және олардың алыну жолдары, олар дан не жасалатыны жайлы түсіндіру. Д/о: «Кім болам?» Мақсаты: балаларға болашақта қандай мамандық иелері болатындығын және елге қандай пайда келтіретіндіктерін әңгімелету. **3.Музыка** (маман жоспарымен) **4.Қазақ тілі** [к] дыбысы мен әрпі Мақсаты: қазақ тіліне тән [к] дыбысымен таныстырып, әріптің баспа түрін жазуға үйрету; тіл үйренуге деген қызығушылық тарын арттыру. Отбасы мүшелерінің ішінен кішкентай қыздың суретін алып, ұл балалардың өзінен кіші қызды «қарында сым» деп атайтынын түсіндіру. Фонетикалық жаттығу Қу, қу, қу- аққу Қа, қа, қа – алқа Д/о: «Кімде не бар?» Үстел үстіне қуыршақ	дату арқылы логика лық ойлау қабілет терін жетілдіру. **3.Көркем әдебиет** Ы.Алтынсарин «Әке мен бала» Мақсаты: Балаларды мұқият тыңдауға және мазмұнын айтуға үйрету. Табиғат сыйлары туралы түсінікті бекіту. Бау-бақ жұмыстарымен танысуды жалғас-у.. Еңбек етуге, өсімдік-терді күтуге деген ынта-ықыласты тәрбиелеу. Д/о: «Бақта ма, әлде бақшада ма?» Мақсаты: Көкөністер мен жемістердің атау ларын екі тілде бекіту. **4.Математика негіздері** **5 саны және цифры.** **5 санының құрамы.** **Тура және кері санау** Мақсаты: балаларды 5 санымен және цифры мен, көрнекі түрде 5 санын шығарып алу жолдарымен таныстыру; заттың санының оның түсіне, көлеміне, кеңістікте орналасуына тәуелді еместігі туралы

				түріндегі отбасы мүшелерін, олардың жанына ойыншық мәшине, доп қою.	түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Сан ішінде танымал, Бестікті сен танып ал. Барғанында мектепке, Тек бестікті алып ал.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	**Тұманды бақылау** Қоршаған әлем жайлы балалардың білімін кеңейту. Ойлау операцияларын, таным қызығушылығын дамыту. Ырым Егер тұман күн сәулесімен тез тарап кетсе, ауа райы тұрақты жылы болады. Қимыл-қозғалыс ойын «Тышқан аулау» Шапшаңдығын, ептілігін, батылдығын дамыту. Еңбек: Табиғат бұрышына әдемі жапырақтардан гүл шоғын жинау. Д/о:«Тұманды анықта» Мақсаты: иллюстрацияЛар бойынша тұманның қандай екендігін тануға үйрету.	**Шықты бақылау.** Күзде шықтың жиі түсетінін, оның барлық жерлерде күмістей болып жарқырап жататынын атап айту. Күзде неліктен таңғы мезгілде шық мол түсетінін және ақырындап жоғалып кететінін, ал кей кезде күні бойы сақталатынын балалармен бірге еске түсіру. Табиғат құбылыстарының өзара байланысын көрсету: күн шықты-шық жоғалды. Ырым Шық мол түссе, күн ашық болады.	**Шықты бақылау** Қ/о: «Шықты баспа» Ептілігін, аңғарымпаздығын дамыту. «Ыстық-суық» Кеңістіктегі бағдарлай алуын, жедел қимыл дай алуын дамыту. Еңбек: Табиғи материалдарды жинау. Қолдан зат жасауға қажетті табиғи материалдарды жинауға үйрету. Д/о: «Шық тамшыларын жапырақтардан тауып алу» Мақсаты: көлеңке жерлерден және тура күн сәулесі түсіп тұрған жерлерден шықты тауып алу. Қорытынды: күн көзінде шық тамшылары тез буланып кетеді.	**Аспанды бақылау** Балалар назарын ашық, ашық сұр аспанға аударту, ол аспанды жиі бұлыңғыр, сұр бұлттар басып, жиі суық жаңбыр құятынын айту. Табиғаттың күзгі құбылыстары жайлы балалардың ұғымдарын кеңейту. Байқағыштығын, аңғарымпаздығын, салыстыра алуын дамыту. Көркем сөз Тең,тең,тең киіз, Екі ортасы кең киіз. (Аспан, Жер) Еңбек: үлкендерге көмектесу мақсатында құрғақ жапырақтарды жинау.	**Аспанды бақылау** **Ырым** Аспанды бұлттар басса, ауа райының бүлінуі ұзаққа созылады. Қ/о: «Ұшақтар» Әр түрлі бағытта жүгіре алуларын дамыту (балалар алаңда жұмыс істеп тұрған мотор сияқты бір-бірін қанаттары мен қақпауға тырысып жүгіреді), белгі бойынша («Моторды қос!», «Отырғызу басталды!» қимыл жасай алуға үйрету. Д/о: «Бұлтты күні, ашық күні аспан қандай болатынын айт» Мақсаты: түрлі ауа райындағы аспанды суреттей алуын бекіту
Серуеннен оралу	балалар қолдарын тамақтың алдында өз бетінше жууға, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге үйрету, қасықты оң қолмен ұстауға баулу: А.Меңжанова «Тазалықтың досы» ойыны, мақсаты: көркем шығармаларды эмоционалды				

	қабылдай білуге үйрету, Б. Кірібаев «Сабын жыры» М.Әлімбева «Бұл не?» салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру (Көркем әдебиет, Сөйлеуді дамыту)				
Түскі ас	қасықты оң қолмен ұстауға баулу, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу үйрету, мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту. «Он саусақ» үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды (мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру, өзіне-өзі қызмет көрсету)				
Күндізгі ұйқы	Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға үйрету, досының шешінбегенін байқауға және оған көмегін ұсынуға баулу.«Әжемнің ерегісі» ертегіні мұқият тыңдауға машықтандыру				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Арқаның қалпын сақтауға арналған жаттығулар. (2 минут) Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап, Бір демалып алайық. Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз				
Бесін ас	мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту, ұқыпты тамақтану дағдыларын жетілдіру (Қоршаған ортамен танысу, мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	BECERIKLI YAPILAR Мақсаты: балалардың жоспарлау, бағдарлау қасиеттерін дамыту, шығармашылық, эстетикалық талғамын арттыру.	BECERIKLI YAPILAR топтық ойын. Тізбектеп тізу Мақсаты: бірдей өлшемдегі тақтайша ларды тігінен, көлде нең тізбектеп құрастыру.	BECERIKLI YAPILAR топтық ойын Төртбұрышты ғимарат жасау.	BECERIKLI YAPILAR топтық ойын Шатыр құрастыру	BECERIKLI YAPILAR Үстел, орындық құрастыру.
Балалармен жеке жұмыс	(Жаратылыстану) Өсімдіктер мен жануарлардың өсіп-өнуіне қажетті кейбір жағдайларды білу мақсатында Рахымбай Әбілхайырмен жұмыс	(Сөйлеуді дамыту) Жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгі мелер құрастыруды үйрету мақсатында Серік Бағыммен жұмыс	(Жапсыру) Бірнеше бөліктерден тұратын заттарды орналастыруды және желімдеуді Оспанов Сағынышпен үйрену.	(Математика) Жасалған әрекеттер дің көмегімен түрлі мәселелерді шешудің әдістерін табуда Жұмабек Жанайым мен жұмыс	(Мүсіндеу) Жануарлардың мүсі нін жасаудың әртүрлі тәсілдерін пайдалану ды үйрету мақсатында Матаева Айдамен жеке жұмыс
Серуенге дайындық, серуен	«Кім жылдам» ойыны мақсаты: өзін ретке келтіруге, өзіне-өзі қызмет көрсетуге баулу				
Серуен	«Секіргіштер» ойыны Мақсаты: жеңіл секіру дағдыларын жетілдіру.	«Атауын айт» ойыны Мақсаты: балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	«Алма» ойыны Мақсаты: балалардың зейінін, қимыл үйлесімділігін дамыту.	Қ.ұ.о. «Ақсүйек» Мақсаты: балалардың тапқырлығын дамыту, жүгіруге жаттықтыру.	Қ/о: «Допты лақтырып, тосып алу» Мақсаты: допты лақтырып, тосып алу

					дағдыларын жетілдіру.
Үйге қайту	Ата аналармен балалардың көңіл күйі, балалар отбасында өздері не істей алатындары, баланың жеке қызығушылығы туралы әңгімелесу, балаларға қандай ертегілер оқуға болатындығы жөнінде кеңес беру				

Тексеріледі Жаңа
әдіскер Исанкулова А.П.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: ЖШС «Нұр-Әли»
Тобы: «Күншуақ» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 2022 жыл қазан айы, (03-07 аралығы)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүсенбі03	Сейсенбі 04	Сәрсенбі 05	Бейсенбі 06	Жұма 07
Балаларды қабылдау	Балаларды таңғы сүзгіден өткізіп, көтеріңкі көңіл күймен қабылдау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Балаларға ыңғайлы жағдай жасай отырып, қызығушылығын арттыру үшін жеке ойын ұйымдастыру. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуге машықтандыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге әдеттендіру (Сөйлеуді дамыту, танымдық әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу балалардың жеке ерекшеліктері туралы сұхбаттасу. Кеңес: балаңызға өз көзқарасыңызды тықпаламаңыз. Өзіңіздің иұсқаңыздың дұрыс екенін дәлелдермен түсіндіріңіз.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті ойыны: Мозайка «Көкөністер»	Конструктор құрастыру: «Автотұрақ»	Қазақ ертегілерін қарау «Ешкі мен қасқыр»	Баяу қимылды ойын: «Бұғынай» Мақсаты: санау дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін дамыту.	«Қамба толсын астыққа» (әңгіме)
Таңертенгі жаттығу	«Маған қарай жүгіріңдер» ойыны. Топтасып бір бағытта жүгіреді. «Торғайлар болып ұшайық» жан-жаққа жеңіл жүгіреді. Шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, «қоянша» секіру. «Құстай қанат самғайық» жаттығуы Аяқтың ұшымен шеңбер бойы жеңіл жүру.				
Таңғы ас	Балалар қолдарын тамақтың алдында сабынды дұрыс қолданып өз бетінше жууға, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге, орамалды орнына ілуді үйрету, қасықты оң қолмен ұстауға баулу, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету (мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Д/о: «Сабын көбіктері» Мақсаты: балаларды дұрыс тыныс алуға үйрету.	Д/о: «Не қайда жатыр?» Мақсаты: баланың ой өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, зейінділігін арттыру.	Д/о: «Керісінше айт» Мақсаты: антоним сөздерді дұрыс айтуға үйрету.	Д/о:«Кім? Не?» (зат есімдер) Мақсаты: жанды жансыз заттарды айыра білуге үйрету.	Д/о: «Нені қайда салады?» Мақсаты: ыдыс-аяқ түрлерін ажырата білуге үйрету.

Кестеге сай ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** Бір аяғын алдыға, екіншісін артқа қойып секіруді орындауға үйрету. Саптізбектен шықпай қолдың еркін қимылымен жеңіл және ырғақты жүгіре білуді бекіту. Қ/о: «Жеті тас» **Сөйлеуді дамыту** Сөз, буын Мақсаты: Сөз түрлерін (антоним, омоним, синоним) қайталатып өтіп, жаңа сөз түрі-түбірлес сөздер туралы, буын туралы түсінік беру. Жасалу жолдарын түсіндіру арқылы жаңа сөздер жасату, сөздерді буынға бөлдіру. Әртүрлі қызықты тапсырмалар орындату арқылы оқып- білуге деген қызығушылықтарын арттыру, дүниетанымдарын кеңейту, сөздік қорларын молайту. Мейірімді, көпшіл болуға тәрбиелеу. Ойын-тапсырма: «Туысын тап»	**Сауат ашу негіздері** [о] дыбысы мен әрпі Мақсаты: О әрпімен таныстыру; айтылу ерекшелігіне қарай[о] дыбысының дауысты дыбыс екенін, жуан естілетінін өздеріне анықтату; түрлі тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру. Д/о: «Артығын тап» Д/о:«Ойыншықтарды жинаймыз» Балалар кезегімен келіп, әр ойыншық тың атын буынға бөледі, неше буын екенін айтады. **Музыка** (маман жоспарымен) **Математика негіздері** 1-ден6-ға дейінгі сандар. Заттарды биіктігі, ұзындығы, ені мен қалыңдығы (жуандығы) бойынша салыстыру. Мақсаты: 1-ден 6-ға дейін санай білуді пысықтау; заттардың ұзындығын, биіктігін ені мен қалыңдығын салыстыруға жаттық	**Дене шынықтыру** Мақсаты: Бір тізбекті сапта аяқ пен қол қимылын үйлестіре кең адымдап, алға және артқа қарай жүруге жаттықтыру.Тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. Допты жоғары лақтырып,екі қолмен қағып алуға жаттық-у. II бөлім. Ж.Д.Ж: **Сауат ашу негіздері** [л],[о] дыбыстары мен әріптерін қайталау. Мақсаты: өткен [о],[л] дыбыстары мен әріп терін қайталату; Сөздік қорларын молай ту, тіл байлықтарын дамыту. Д/о: «Қандай буын?» Буындар: АУ, АЛ, ОЛ, ЛА,ЛУ. **Көркем әдебиет** А.Хамзаұлы «Жауынгер кімді күзетеді?» Мақсаты: балаларға тыңдауды, талқылауды үйрету. Отансүйгіштік сезімдерін дамыту. Балаларды әскери киімдегі адамдармен және армиямен таныстыру. Өз Отаны	**Сөйлеуді дамыту** «Кішкене бағбан» М.Төрежанов Мақсаты: Әңгімені оқып беріп,мазмұнын түсіндіру. Үстел театрын пайдала-на отырып әңгімелеуге үйрету; мақалмен жұмыс істету арқылы дұрыс қорытынды жасауға жетелеу. Сөздік қорларын байы-ту, қиялдарын дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Д/о: «Жеміс-жидектер» Д/о: «Қандай жеміс?» **Қоршаған ортамен танысу** Адамдардың бақтағы немесе бақшадағы күзгі еңбегі.Мақсаты:Адамдар дың күздегі еңбегі туралы балалардың білімін кеңейту; олар қандай жеміс-жидектер және көкөністер жинайды, ауыл еңбеккерлеріне кімдер көмектеседі, астық жинауға қандай машиналар қатысады, астық қайда жөнелтіле-ді? Көкөністер мен жеміс- жидектерді пішіні,	**Дене шынықтыру** 1.Саптізбекте бір-бірлеп жүгіру. 2.Тура салынған жіп бойымен жүру. 3.Еркін бағытта допты домалату. 4.Қос аяқпен секіру. Қ/О: «Қақпа» **Сауат ашу негіздері** [н] дыбысы мен әрпі Мақсаты: балаларды Н әрпімен таныстыру; [н] дыбысының сөзде гі орны туралы түсінік беру; «нан» сөзіне дыбыстық талдау жасату. Д/о: «Әріп сыйлаймыз» Көк жылтыр қатты қағаздан қиылып жасалған үлкен Н, кіші н әріптерін балаларға төмендегі ретпен таратады: Нұрсұлтанға үлкен Н әрпін береміз, өйткені адамның есімі ылғи үлкен әріппен жазылады. Жанерке мен Данаға кішкентай н әрпін береміз, өйтке ні сөздің ортасында ылғи кішкентай

	Математика негіздері 6 саны және цифры. 6санының құрамы. Мақсаты: балаларды 6 санымен және цифры мен, көрнекі түрде 6 санын шығарып алу жолдарымен таныс тыру; ретімен санау дағдыларын қалыптас тыру; заттың санының оның түсіне, көлеміне кеңістікте орналасуы на тәуелді еместігі туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Қара мына шиені, Сабағын ол неді. Шие емес, сан ғой бұл Кім ол санды біледі? **Сурет салу.** Күзгі саябақ Мақсаты: балаларға өз жұмыстарында күз әсерлерін көрсетуді, алуан түрлі ағаштар дың (үлкен, кіші, биік, аласа, түзу және қисық) суретін салуды үйрету. «Картиналарды құрастырып,жина»	тыру; уақыт пен кеңістікте бағдарлай білу дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. 1-ден 6-ға дейін және кері сана. Таспалардың ұзынды ғын салыстыру. Суретпен жұмыс. **Қоршаған ортамен танысу** Жыл құстары Мақсаты: құстар тіршілігі, табиғатқа келтіретін пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру. Қыстап қалатын құстарға қамқорлық жасауға үйрету. Күннің суытып, жәндіктердің көпшілігі қырылып қалады, кейбір жәндіктер ағаштардың қуыс тарына тығылады. Осылайша құстардың жемі азаяды. Өзен-көлдер де су қатып қалады. Осыған байланысты құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Жыл құстарына жабайы үйрек, тырна, көкек, ұзақ, қарлыға қараторғай, т. б.	на сүйіспеншілікті және армияға қызмет етуге деген ынта-ықы ласты тәрбиелеу. Әрбір мемлекеттің өзінің елтаңбасы, туы, әнұраны, астанасы мен президенті, ұлттық гвардиясы бар. Өз Отанын сүю және қорғау- әр азаматтың парызы. Отан қорғау- әр азаматтың қасиетті борышы. **Қазақ тілі** Алтын күз Мақсаты: күзгі табиғат ерекшелігін түсіндіріп, күз айларын дұрыс айтуға үйрету; Сөздік қорларын байыту, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттық тыру. Д/о: «Жасырынбақ» Фонетикалық жаттығу Үз, үз, үз- күз Үй, үй, үй – күй Үс, үс, үс – түс «Күз, жаңбыр, қыркүйек, қазан, қараша, шөп» сөздерін бірге және жеке айтқызып, дұрыс айтуларын қадағалау.	мөлшері, түсі және тамаққа қолданы- луына қарай салысты- руға және сипаттауға үйрету. Егінші маман- дығын құрметтеуге тәрбиелеу. **Музыка** (маман жоспарымен) **Қазақ тілі** Алтын күз Мақсаты: күз айларын, табиғат құбылыстарын қазақ тілінде дұрыс атауға үйрету; Үйренуге, білуге деген қызығушылықтарын арттыру; Табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу. Аспанды бұлт қаптады. Жаңбыр жауды. Ағаштың жапырақтары түсті. Құстар ұшып кетті. Балалар қолша тыр ұстады. Сурет бойынша балаларды сөйлету.	әріптер жазылады. **Көркем әдебиет** Қ.Баянбаев «Қонақ келгенде» Мақсаты: балаларға мұқият тыңдауды, сұрақтарға жеке тәжірибесінен мысал келтіре отырып, жауап беруді үйрету. Сәлемдесу сөздерін бекіту.Қонақты дұрыс қабылдауды үйрету. Д/о: «Бізге қонақтар келді» Мақсаты: сәлемдесу сөздерін екі тілде бе-у **Математика негіз-і** Жиынтық. Жиынтық элементі- жеке зат, бүтін топ. Белгілі бір таңбасы бойынша жиынның бірнеше бөліктерін бөліп көрсету жаттығуы. Мақсаты: заттарды белгілеріне қарап, топтастырушы ретіндегі «жиын» туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру; жиын ның бөлшегін бөліп алуды үйрету; заттар ды белгілеріне қарап біріктіруші ретіндегі

	ойынын өткізу.	жатады.			жиынға анықтама бере білуге жаттық- **«Жиынды және оның бөлшектерін ата»** ойыны.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	**Күзгі өрмектің ұшуын бақылау.** Жәндіктердің қорша ған ортаға бейімделуі туралы нақты ұғымдар беру. Ерте күзде көптеген өрмектің ұшуын көруге болады. Желсіз ашық күндері бұталар ға, шөптерге, шарбақ тарға ілінген өрмек жіпшелерінен олар дың жас қожайында ры-кішкене өрмекші лерді көреміз. Өрмекші ұшуға дайын далғанын түсіндіру, өрмекші сабақтың басына шығады да қарнын оған қысады, өрмек сүйелшелерінен жіңішке өрмек шығады, ал оны жылы ауа жоғары көтеріп алып кетеді.	**Күзгі өрмектің ұшуын бақылау.** Жұмбақ: Шидиген ұзын сирағы, Тастай керең құлағы. Сөйтіп жүріп көп жерге, Аспалы торлар құрады (өрмекші) Қ/о: «Секіріп түсте, бұрыл» Мақсаты: белгі бойынша тез қимыл жасай алуын дамыту, жоғарыға секіруді орындай алуға үйрету.Кеңістікті бағдарлай алуын бекіту. Еңбек: ағаштардың түбін қопсытуға көмектесу. Д/о: «Ерте күз белгілерін ата» Ерте күз туралы балалардың білімдерін байыту және жүйелеу.	**Топырақты бақылау.** Балалар назарын аяқ астына, жерге аудару. Құрғақ жылы күні топырақ жылы болады, қолға алсаң шашыл ғыш, түсі ашық сұр болады. Жаңбырлы күні ол қара түсті, тығыз, ылғалды болады. Алғашқы суық түсісімен топырақ тас сияқты болып қатып қалады. Балаларды топырақтың ауа райына байланысты өзгереті нін көруге үйрету. Ойлай алуын, талқы лай алуын, дәлелдей алуын дамыту; туған жерге ұқыптылық қатынасын тәрбиелеу. Көркем сөз: «Қарашы күз келді, күз келді, Сары алтын жауыпты іздерді»	**Топырақты бақылау**. Қимыл-қозғалыс ойын «Арқан тарту» Мақсаты: балалардың физикалық және моральдық еркін, достық қарым-қатына сын дамыту. Еңбек: күзгі жерді қопсытуға қатыстыру. Еңбек етуге дұрыс көз қарасын тәрбиелеу. Д/о: «Қатені тап» Жылдың әр мезгілін дегі топырақтың жағдайы жайлы балалардың не білетіндігін анықтау. Тәжірибе: Ауа райы жылы болғанда топырақты қолмен ұстап көру. Қорытынды: Топырақ жылы, оны күн қыздырады.	**Алғашқы суық түсуін бақылау** Жерге алғашқы қыраудың түсуі-күз белгісі екеніне бала лардың көңілін ауда ру. Таңертеңгілік жер, үй шатырлары күміс тей аппақ болады. Күн суытып аяз күшіне ене бастады. Өзендер мен көлдердің бетіне мұз қатты. Мұз үсті мен жүруге болатын дай көрінеді, бірақ мұздың үстін аяқпен басқан сәтте-ақ ойылып ішіне түсіп кетеді. Көркем сөз Сұр бұлт, түсі суық, қаптайды аспан, Күз болып дымқыл тұман жерді басқан.
Серуеннен оралу	балалар қолдарын тамақтың алдында өз бетінше жууға, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге үйрету, қасықты оң қолмен ұстауға баулу: А.Меңжанова «Тазалықтың досы» ойыны, мақсаты: көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай				

	білуге үйрету, Б. Кірібаев «Сабын жыры» М.Әлімбева «Бұл не?» салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру (Көркем әдебиет, Сөйлеуді дамыту)				
Түскі ас	қасықты оң қолмен ұстауға баулу, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу үйрету, мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту. «Он саусақ» үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды (мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру, өзіне-өзі қызмет көрсету)				
Күндізгі ұйқы	Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға үйрету, досының шешінбегенін байқауға және оған көмегін ұсынуға баулу.«Әжемнің ертегісі» ертегіні мұқият тыңдауға машықтандыру				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут) Мысықтар оң жаққа қарап ұйықтап жатыр, ұйқы сұрап миаулап жатыр көздерін жұмып мяу,мяу,мяу. Көзімізді ашып арқаға жатып тырнағымен тырналанып жатыр. Төрт аяқтап тұрып мойынымызды жоғары созып миаулаймыз. Отырып башпайларымызды уқалаймыз, аяғымызды сипаймыз.				
Бесін ас	мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту, ұқыпты тамақтану дағдыларын жетілдіру (Қоршаған ортамен танысу, мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сюжеттік-рөлдік ойын «Тігінші» Мақсаты: балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Бір-бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету	Д/о: «Сиқырлы қалта» Мақсаты: балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үйрету	Дьенештің логикалық блоктары Мақсаты: балаларды блоктар арқылы ойната отырып, оларға нысандардың түсін, пішінін, көлемі мен жуандығын көрсете отырып, ажыратуға үйрету.	Интеллектуалды дамыту ойындары Мақсаты: жаңартылған білім мазмұнын игеруде дидактикалық ойын құралдары ретінде пайдалану.	Д/о: «Ауа райын бейнелеу» Мақсаты: ымдау қимылдарымен ауа райының құбылыстарын бейнелей білуді үйрету.
Балалармен жеке жұмыс	(Көркем әдебиет) Таныс бірнеше шығармаларды атауды Бауржан Айшуаққа үйрету.	(Сөйлеуді дамыту) Тілде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін қосымшаларды қолдануды Бағымға үйрету.	(Математика негіздері) Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орнату мақсатында Матаева Айдамен жеке жұмыс.	Мазмұнды суреттерге қарай әңгіме құрату- Мейірлен, Мағжан.	Есте сақтау қабілетерін дамыту мақсатында балаларға тақпақ жаттату.
Серуенге дайындық, серуен	«Кім жылдам» ойыны мақсаты: өзін ретке келтіруге, өзіне-өзі қызмет көрсетуге баулу				
Серуен	«Кескін жасау» ойыны Мақсаты: төзімділікті, белгіге тез жауап қайтару икемділігін	Қ/о: «Кімнің есімі аталса, сол тосып алады» Мақсаты: жүгіру,	Қ.ұ.о. «Күміс алу» Мақсаты: икемділікті дамыту, жүгіруге	Орыс ойыны «Мыстан кемпір» Мақсаты: бір аяқтап секіру, жалтара қашу икемділігін	Қ/о: «Үкі» Мақсаты: ептілікті, белгіге жауап қайтару

	дамыту.	секіру, допты лақтыру және тосып алу дағды ларын жетілдіру.	жаттықтыру.	дамыту.	шапшаңдығын дамыту, жүгіру дағды сын жетілдіру.
Үйге қайту	Ата аналармен балалардың көңіл күйі, балалар отбасында өздері не істей алатындары, баланың жеке қызығушылығы туралы әңгімелесу, балаларға қандай ертегілер оқуға болатындығы жөнінде кеңес беру				

Тексерілді
әдіскер Иманкулова А.П.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: ЖШС «Нұр-Әли»
Тобы: «Күншуақ» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 2022 жыл қазан айы, (10-14 аралығы)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүсенбі10	Сейсенбі 11	Сәрсенбі 12	Бейсенбі 13	Жұма 14
Балаларды қабылдау	Балаларды таңғы сүзгіден өткізіп, көтеріңкі көңіл күймен қабылдау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Балаларға ыңғайлы жағдай жасай отырып, қызығушылығын арттыру үшін жеке ойын ұйымдастыру. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуге машықтандыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге әдеттендіру (Сөйлеуді дамыту, танымдық әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу балалардың жеке ерекшеліктері туралы сұхбаттасу. Кеңес: балаға өзінің іс-әрекетін түсіндіруді үйретіңіз. Яғни бала ең алдымен ойланып содан соң ғана шешім қабылдауды үйрену керек. Ең жақсысы өзі сенімсіздік танытқан мәселелерде ата-анасымен кеңесуге болатынын білуі қажет.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Мозайка құрастыру: «Саңырауқұлақ»	«Күн мен түн» ойыны Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдық қа, ажыратуға баулу.	«Ұшты-ұшты» ойыны Мақсаты: ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.	Д/о: «Айырмашылығын тап» Мақсаты: балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге дағдыландыру.	Пазл құрастыру: «Табиғат суреттері»
«Таңертенгі жаттығу	Сапта тұрып, бірінен кейін бірі тізіліп жүру, жүгіру, аяқ ұшымен жүру. Шеңбер жасап тұру. Тік тұрып, қолды алға, жоғары, жанға созу, төмен түсіру. Екі қолды жайып, көбелекке ұқсап ұшу, бір орында ақырын айналу, қону. Қоянша секіру, аюша қорбаңдау. «Балапандар жем шоқыды» жаттығуы: Отыра қалып саусақтарымен еденді тырсылдату. Дем алып, дем шығарып, жай жүріспен шеңбер бойы жүру.				
Таңғы ас	Балалар қолдарын тамақтың алдында сабынды дұрыс қолданып өз бетінше жууға, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге, орамалды орнына ілуді үйрету, қасықты оң қолмен ұстауға баулу, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету (мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ. Мақсаты: ата- баба мыздан қалған өсиет сөздері арқылы адам гершілікке, тапқыр	Саусақ жаттығуы: Ну тоғайда, орманда Аю жүрер қорбаңдап. Тікірейтіп тікенін Кірпі жүрер жорғалап.	Тіл жаттығуы Тым қатулы кескіні, Жақтырмайтын ешкімді, Үлкен, қара қоңыздың Даусы алыстан	Д/о: «Не жасырдық?» Мақсаты: заттың белгілері (түрі, түсі,пішіні, өлшемі) туралы түсініктерді тиянақтау	М.Әлімбаевтың «Он саусақ» өлеңі

	сөйлеуге үйрету.		естілді. ж-ж-ж-ж-ж-ж		
Кестеге сай ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** 1.Гимнастикалық орындық бойымен қолдарын белдеріне қойып текшелерден аттап жүру. 2.Допты еденге лақтыру және қағып алу. 3.Саптізбекте бір-бірден сапқа тұру,шашырап жүру. К/о: «Қарғалар» **Сөйлеуді дамыту** «Қотыр торғай» қазақ халық ертегісі Мақсаты: Ертегі мазмұнын әңгімелеуге үйрету. Ертегіні сахналату арқылы тіл байлықтарын жетіл діру, сөйлесу барысын да сұрақ қойып, оған дұрыс жауап беруге, сөздерді орнымен қолдана білуге жаттық тыру. Ертегі тыңдауға деген қызығушылық тарын ояту, қиялда рын дамыту, жұмбақ шешкізу арқылы ой-өрістерін кеңейту. Ақылды болуға, әрі	**Сауат ашу негіздері** [ə] дыбысы мен әрпі Мақсаты: Ә әрпімен таныстыру, [ə] дыбы сының жіңішке айты латын дауысты дыбыс екенін анықтату; Мультфильмнен үзінді көрсету, ән тыңдату, электронды оқулықты пайдалану арқылы есте сақтау, фонема лық есту қабілеттерін арттыру. Д/о: «Әжеме сыйлық» **Музыка** (маман жоспарымен) **Математика негіздері** Заттың көлемін арнайы белгіні қолдана отырып өлшеу Мақсаты: шартты өлшемнің көмегімен заттың ұзындығын өлшеуді; 0-ден 6-ға дейін және кері санау туралы білімдерін пысықтау; белгілеріне қарап, заттардың топтасуын «жиын» деп атайтынын түсіндіру; Өздігінен жұмыс істей	**Дене шынықтыру** Шеңбер түрінде салынған жіп бойымен жүру 1.Саптізбекте бір-бірлеп жүгіру. 2.Тура салынған жіп бойымен жүру. 3.Еркін бағытта допты домалату. 4.Қос аяқпен секіру. К/О: «Қақпа» **Сауат ашу негіздері** Сөз,буын. Қайталау. Мақсаты: дыбыс пен дыбыс түрлерін, сөзді буынға бөлуді, аталған сөзді қатыстырып сөйлем құрастыруды қайталату; ойлау қабілеттері мен тіл байлықтарын дамыту; табиғатты сүюге, аңдар мен құстарға қамқор лық жасауға тәрбиелеу. Тиін, қоян сөздерін буынға бөлгізіп, дыбыстық талдау жасату. Саусақ жаттығуы Жем берер ем торғайға Жаныма кеп қонбай	**Сөйлеуді дамыту** Тілдің дыбысталу мәдениеті. [с] дыбысы Мақсаты: сөздегі [с] дыбысының орнын анықтай білуге үйрету; дидактикалық ойын, жаңылтпаштар айтқы зу арқылы тілдерін жаттықтыру; [с] дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру. Жұмбақтар 1.Аспай піскен, қайнамай түскен. (Жеміс) 2.Жер бетінде шашы бар, Жер астында басы бар. (Сәбіз) Д/о: «Кім жылдам» [с] дыбысын анық айтып жаттығайық. Са, са, са-ызындайды маса Се, се, се-бұл әдемі кесе Су, су, су-жай ағады Ақсу. **Қоршаған ортамен танысу** Д/о: « Жер көлігі» Мақсаты: балаларды жер көліктері түрлері мен және жүргізуші мамандығымен таныс	**Дене шынықтыру** 1.Орынан ұзындыққа секіру. 2.Допты затқа тигізіп домалату. 3.Допты бір-біріне лақтыру және оны қос қолымен қағып алу. **Сауат ашу негіздері** [т] дыбысы мен әрпі Мақсаты: Т әрпімен таныстыру; дыбыстар-дың әртүрлі айтыла-тынын ұғындыру. Тоқылдақ даусының аудиожазбасын тыңдату арқылы фонемалық есту қабілеттерін жетілдіру Қоршаған ортаға сүйіспеншілікпен қарап, қамқорлық жасай білуге тәрби-у. Д/о: «Сөздер тізбегі» **Көркем әдебиет** Ы.Алтынсарин «Жан-жануарлардыңдауласу ы» Мақсаты: Балаларға мұқият тыңдауды, мәтін мазмұнын айтуды үйрету. Бала-лардың үй жануар-лары және олардың пайдасы туралы

	істі ойланып істеуге тәрбиелеу. Д/о: «Жұмбағымды шеш» Мақсаты: Кейіпкерлерді сипаттауға үйрету. **Математика негіздері** 1-ден6-ға дейінгі сандар. Көрнекі түрде азайту әрекеті туралы түсінік беру. «-» амалы Мақсаты: 6 көлемінде санау, геометриялық пішіндер (үшбұрыш, шаршы, дөңгелек, тік төртбұрыш, сопақша) туралы білімдерін пысықтау; көрнекі түрде азайтуға, азайту мен қосуға қарапайым есептер мен мысалдар ды шығара білуге үйрету. **Мүсіндеу.** Кесе Мақсаты: ермексазбен жұмыс істеуді, жұмыс тың орындалу ретін белгілеуді үйрету; кесе жасау әдістерін үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру. Балалармен тұрмыс	алуға, жинақы болуға тәрбиелеу. «Әзіл тапсырмалар» 1.Қайыңның 4 үлкен бұтағы бар. Әр бұта ғында 2 алма өсіп тұр. Қайында барлығы қанша алма өсіп тұр? 2.Көп күттірген қаңтар да келді. Алдымен 1 алма ағашы, содан кейін 3 шие ағашы гүлдеді? Барлығы қанша ағаш гүлдеді? 3.Құс ауласындағы әтеш алдымен 3 жұмыртқа, содан кейін тағы да 3 жұмыртқа туды. Барлық жұмырт қаның саны қанша? «Пішіндерді бөліп қой» ойыны. **Қоршаған ортамен танысу** Киіз үй- жер бетіндегі ең жеңіл үй. Мақсаты: Балаларды ұлттық баспанамен таныстыру. Киіз үйдің құрамды бөліктерінің атауын және мәнін түсіндіруді үйрету. Ойлау үдерістерін және ұлттық игіліктер ге деген мақтаныш сезімін дамыту. Патриоттық сезімдер-	ма? Жалаңаяқ қарда жүр Аяқтары тоңбай ма? **Көркем әдебиет** Ж.Әлмешев «Досым Асылхан» Мақсаты: Балаларға мәтін мазмұнын айтуды, достық қарым- қатынасты бағалауды және сақтай білуді үйрету. Сөйлеуді және жеке басының тәжірибесінен әңгіме құрастыру- ды үйрету. Мақал-мәтелдер 1. Досы көпті жау алмайды. 2.Досы жоқ адам - Тұзы жоқ тағам. **Қазақ тілі** Мамандықтар Мақсаты: мамандық туралы түсінік беру, олардың қазақ тілінде гі аталуын үйрету; ойлау қабілеттерін арттыру; еңбексүйгіштікке, үлкенді сыйлай білуге тәрбиелеу. Д/о: «Ол кім?» Мамандықтар бейне ленген суреттерді үстел үстіне төмен қаратып қояды. Бала ларға қалаулары	тыру. Автомобильдің әр түрінің өз міндеті болатыны туралы түсінік беру. Балаларға көліктің адамдардың жердегі, судағы, ауадағы, тіпті жер астындағы қозға лыстарына көмектесе тін сан алуан түрлері туралы әңгімелеу. **Музыка** (маман жоспарымен) **Қазақ тілі** Мамандықтар Мақсаты: ойын арқылы балалардың ойлау қабілетін дамыта отырып, мамандық атаулары мен таныстыруды жалғастыру; Мамандыққа байла нысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығу шылықтарын арттыру. Қонжықтың басынан өткен оқиғалары. Аспаз, дәрігер, мұғалім, жүргізуші, құрылысшы маман дықтары туралы айту. Фонетикалық жат-у Дә, дә, дә – дәрігер Құ,құ, құ құрылысшы Мұ, мұ, мұ -мұғалім	білімдерін жүйелеу. Ойлауды, сөйлеуді және жадты дамыту. Өз асырандыларына жауапкершілікті тәрбиелеу. **Математика негіздері** 7 саны және цифры. 7 санының құрамы. Тура және кері санау. Мақсаты: балаларды 7 санымен және цифрымен, көрнекі түрде 7 санын шығарып алу жолда рымен таныстыру. Тура және кері санау дағдыларын пысықтау математикаға деген қызығушылықтарын тәрбиелеу; Математикалық тілдерін, зейіндерін, байқағыштықтарын, цифрды заттың саны мен сәйкестендіре білу дағдыларын дамыту. «Ретімен тұра қал» жаттығуы Балаллар бір цифрдан алып, музыка әуені мен залда шашырап жүреді, «Ретімен тұра қал» деген нұсқауды естісімен, ретімен қатарға тұрады.

	тық керамика, саз туралы әңгімелесу, қыш шеңберімен таныстыру.	ді тәрбиелеу.	бойынша бір суретті алып, мамандықты атау қажеттігін түсіндіру. Д/о: «Кім боламын?»		
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	**Алғашқы суық түсуін бақылау** Ырым Қазанда жер жабылады, кей жер жапырақпен, кей жер қармен. Қимыл-қозғалыс ойын «Пішінді жаса» Мақсаты: шапшаңдық қа, ептілікке, ұқыпты лыққа тәрбиелеу. Еңбек Ойын алаңын жапырақтардан тазартуға көмектесу. Д/о: «Кім қызық ат тауып атайды? Мақсаты: шығармашы лық қиялын, тілін дамыту. Біреуі сын есім болып тұратын екі зат есімнен құралған жаңа сөздерді құрастыру (су, мұз-мұзды су; аяз, күз – аязды күз)	**Тоғанды бақылау** Балаларға тоғанның күзгі жағдайы туралы, өсімдіктер мен жануар лардың өміріндегі күзгі өзгерістерді болдыратын себептер жайлы түсініктер беру. Тоғанның күзгі және жазғы жағдайын салыстыру; суда бола тын тіршілік иелерін атау. Байқағыштығын дамыту. Туған табиғат тың әсемдігіне сүйсіне білуге тәрбиелеу. Өзен дегі су суық екенін, су өсімдіктері өзен түбіне кеткенін, бақалардың көрінбейтіндігін айтып өту. Кей кезде ғана тегіс су бетінде көпір шіктер көрініп қалады. Бұл кішкене аш балықтар, олар суға шегіртке, әлде маса қона ма деп күтіп жүр.	**Тоғанды бақылау** Қимыл-қозғалыс ойын «Кішкене балықтар мен шортан» Мақсаты: қимыл-қозғалыс белсенділігі не, белгі бойынша шапшаң қимыл жасауға үйрету. Еңбек Табиғат бұрышындағы құстарды қыста қорек тендіру үшін құм салып алу. Бастаған ісін аяқтауға үйрету. Айналадағы ларға пайда келтіруге ынтасын тәрбиелеу. Д/о: «Жұмбақты шеш» (суда мекен етушілер) Мақсаты: балаларды жұмбақтарды шешуге үйрету. Логикалық ойлауын дамыту (балықтар, өзен, шаян, бақа, ұлу, үйрек) туралы жұмбақтар.	**Шалшықтарды бақылау** Балалар назарын таң ертеңгілік шалшықтар дың бетін мұз жабаты нына аударту.Осы жағдайда судың қандай күйде екенін еске түсіру (қатты). Мұздың қасиетін анықтау (суық, сусымалы, мөлдір, жылы болса ериді). Табиғат құбылыстары ның өзара байланы сын көрсету; түнде аяз болды, шалшықтарда ғы сулар қатты, күндіз күн жылынды-мұз еріді. Танымдық қызы ғушылықтарын дамыту, тұрақты көңіл қоюын, байқағышты ғын тәрбиелеу.	**Шалшықтарды бақылау** Қимыл-қозғалыс ойын «Аяқтарыңды сулап алма» Мақсаты: балаларды алға қарай тақтайша дан тақтайшаға епті лікпен секіріп үйрену ге жаттықтыру. Бала лардың тез қарқында қимыл жасай алуына қол жеткізу. Табиғат бұрышын дағы гүлдерді суару. Мақсаты: өсімдіктер ге жүйелі күтім жасау дағдыларына тәрбие леу. Өз еңбегінің қажеттілігін сезіндіру. Еңбек дағдыларын дамыту. Д/о: «Кім табиғат құбылыстары жайлы жұмбақтарды көп біледі»
Серуеннен оралу	балалар қолдарын тамақтың алдында өз бетінше жууға, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге үйрету, қасықты оң қолмен ұстауға баулу: А.Меңжанова «Тазалықтың досы» ойыны, мақсаты: көркем шығармаларды эмоционалды				

	қабылдай білуге үйрету, Б. Кірібаев «Сабын жыры» М.Әлімбева «Бұл не?» салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру (Көркем әдебиет, Сөйлеуді дамыту)				
Түскі ас	қасықты оң қолмен ұстауға баулу, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу үйрету, мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту. «Он саусақ» үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды (мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру, өзіне-өзі қызмет көрсету)				
Күндізгі ұйқы	Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға үйрету, досының шешінбегенін байқауға және оған көмегін ұсынуға баулу.«Әжемнің ерегісі» ертегіні мұқият тыңдауға машықтандыру				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Белгілі бір ретпен киінуге, өзіне-өзі қызмет жасауға жаттықтыру, «Кім жылдам» мақсаты тапсырмаларды орындайды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгереді. «Мысық» созылу жаттығуы арқылы сауықтыру жұмысын жүргізу , «Риждік әдіс» ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру (Дене шынықтыру- сауықтыру жұмысы, өзіне-өзі қызмет көрсету)				
Бесін ас	мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту, ұқыпты тамақтану дағдыларын жетілдіру (Қоршаған ортамен танысу, мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Пэтрн плей ойыны Мақсаты: симметрия, бөлшек ұғымдарын игертеді. № 1 карточкамен жұмыс	№ 2 жұмыс Мақсаты: дизайн, декорация құру дағдысын қалыптастыру	№ 3жұмыс Мақсаты: көру, тану, жоспарлау, орындарын табуды үйрету.	№ 4жұмыс Мақсаты: бөлшектер тұтастығын, оның бөліктерден тұратынын өзара байланысын игерту.	№ 5жұмыс Мақсаты: баланың логикасын, кеңістікті бағдарлауын дамыту.
Балалармен жеке жұмыс	(Көркем әдебиет) Оқылған шығарма мазмұнын әңгімелеп беруге үйретуде Садибекова Анармен жеке жұмыс.	(Құрастыру) Әртүрлі түстегі, пішіндегі бөлшектер ден қарапайым құрылыс құрастыруды Ахмад Алиге меңгерту.	Ағаштардың түрлерін, бөлме өсімдіктерін тануды,атауды меңгерту үшін Айшуақпен жұмысты жалғастыру.	(Сауат ашу) «Мені қайтала»ойыны арқылы сөздердегі буындарды дұрыс айтуға үйрету. Матаева Айда.	Кестемен жұмыс жасау: Оспанов Сағыныш, Әділбек Мейірлен.
Серуенге дайындық, серуен	«Кім жылдам» ойыны мақсаты: өзін ретке келтіруге, өзіне-өзі қызмет көрсетуге баулу				
Серуен	«Төбеде доп қуу» Мақсаты: шапшаң дербес қимыл әректке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	К/о«Түлкі мен қаздар» Мақсаты: түлкі мен қаздың қимылын жасауға,жылдамдыққа баулу.	К/о: «Ит пен қоян» Мақсаты: шапшаңдыққа, ептілікке баулу.	К/о: «Аққу- қаздар» Мақсаты: аңғарымпаз дыққа тәрбиелеу.	К/о: «Аңшылар мен қояндар» Мақсаты: қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету.
Үйге қайту	Ата аналармен балалардың көңіл күйі, балалар отбасында өздері не істей алатындары, баланың жеке қызығушылығы туралы әңгімелесу, балаларға қандай ертегілер оқуға болатындығы жөнінде кеңес беру				

Тексерілді Ахмад
әдіскер Исанкулова А.П

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: ЖШС «Нұр-Әли»
Тобы: «Күншуақ» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 2022 жыл қазан айы, (17-21 аралығы)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүсенбі17	Сейсенбі 18	Сәрсенбі 19	Бейсенбі 20	Жұма 21
Балаларды қабылдау	Балаларды таңғы сүзгіден өткізіп, көтеріңкі көңіл күймен қабылдау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Балаларға ыңғайлы жағдай жасай отырып, қызығушылығын арттыру үшін жеке ойын ұйымдастыру. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуге машықтандыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киммен жүруге әдеттендіру (Сөйлеуді дамыту, танымдық әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу балалардың жеке ерекшеліктері туралы сұхбаттасу. Кеңес: баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдыланыңыз.				
Балаларды қабылдау	Балаларды таңғы сүзгіден өткізіп, көтеріңкі көңіл күймен қабылдау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Балаларға ыңғайлы жағдай жасай отырып, қызығушылығын арттыру үшін жеке ойын ұйымдастыру. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуге машықтандыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге әдеттендіру (Сөйлеуді дамыту, танымдық әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу балалардың жеке ерекшеліктері туралы сұхбаттасу. Баланың жан-жақты дамуына қолайлы қауіпсіз жағдай жасаңыз.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл ды ойындар, үстел үсті ойындары, бей нелеу әрекеті, кітап тар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті ойыны: «Артығын тап» Мақсаты: қазақтың ұлттық тағам түрлерін тани білуге үйрету.	Пазл құрастыру Мақсаты: балаларды қазақтың ұлттық ойын дарын толықтай тану ға ажырата алуға тәр-у	Д/о: «Үстінде, астында алдында, артында, сол жақта, оң жақта» Мақсаты: кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту.	Қ/о: «Өзіне жұп тап» Мақсаты: ойынды бұз бай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қоз ғалыс жасауға дағды ландыру.	Сюжетті рөлді ойын: «Балабақша» Мақсаты: тәрбиеші балаларды қабылдап, таңертеңгілік жатты ғуды өткізеді, ойна тады.
Таңертенгі жаттығу	«Ысқырғыш»: Бірінен соң бірі сапта тұрып бағыт өзгерте жүру. «Шапалақ»: Бытырап жүгіру.Қолдарын алға, артқа тербету. Оңға бұрылып қолды артқа созу, солға бұрылып қолды артқа созу. Түзу тұрып, аяқты алшақ қойып, қолды шынтақта бүгу: «насоспен» дөңгелекке жел үрлегендей қимылдарп жасау. Арқаға жатып, дене бойымен қолды созу, аяқтарын кеудеге тартып тізеден қолмен шапалақтау, қайта қалыпқа келу.				
Таңғы ас	Балалар қолдарын тамақтың алдында сабынды дұрыс қолданып өз бетінше жууға, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге, орамалды орнына ілуді үйрету, қасықты оң қолмен ұстауға баулу, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету (мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту)				
Ұйымдастырылған	Д/о:	Д/о:	Д/о:	Д/о:«Аңдардың	Сурет бойынша

іс-әрекетке дайындық	«Жақсы және жаман»	«Ғажайып қорап»	«Қай ай екенін тап»	атауын тап»	әңгіме құрастыру.
Кестеге сай ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** 1.Аяқтың ұшынан өкшеге, өкшеден аяқ тың ұшына ауыса секіру, жетекшінің белгісі бойынша бұры лу жүру. 2.Кішкене допты, бүршіктерді бір, екі қолымен алысқа (3-4 м) себетке лақтыру, түсіру. 3.Допты оң,сол қолы мен жерге соғу, жоға ры лақтырып, екі қолмен қағып алу. 4.Қ/о: «Арқан тарту» **Сөйлеуді дамыту** «Су асты әлемі» Мақсаты:Теңіздер мен мұхиттар туралы түсінік беру. Жершары (глобус) көрсету Көкшіл түс-бұл жер бетіндегі алып жатқан су, мұхиттар мен теңіз дер, өзен, көлдер екенін түсіндіру. Су асты әлемі жайлы білімдерін кеңейту. Су астында тіршілік ететін жәндіктер туралы және суда өсетін өсімдіктермен және оның ерекшелік терімен таныстыру.	**Сауат ашу негіздері** Қайталау **Д/о: «Берілген дыбыс пен сөздерді ата»** Мақсаты: берілген дыбысқа сөз ойлап табуды үйрету. Сөздік жұмыс жүргізу арқы лы баланың сөздік қорын молайту. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу. Ойын барысы: тәрбиеші кез келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады. Мысалы: А-болса: ай, алма, алмұрт, асқабақ, т.б. Д/о: «Жаңылтпаштар» Мақсаты: балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айтуға үйрету. Шарты: тәрбиеші бала ларға жаңылтпаштар ды айтады. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек. **Музыка** **(маман жоспарымен)** **Математика негіздері** 1-ден 10-ға дейінгі сандар және олардың	**Дене шынықтыру** 1.Саптізбекте бір-бірден жүгіру. 2.Қимылдың бағытын сақтау,6 метр арақа шықтықта төрт тағандап еңбектеу. 3.Қ/о: «Ойыншықтарға қарай жүріңдер». 4.Белгі бойынша жүріп, белгі бойынша тоқтау. 5.Жерде шашылып жатқан шығыршықтың арасымен жүру, белгі бойынша шығыршық-тың ішіне тұра қалу. 6.Шығыршықты екі қолына ұстап жүгіру. Қ/О:«Көліктер жүріп келеді» **Сауат ашу негіздері** Сөйлеммен танысайық Мақсаты: балаларға сөйлем туралы түсінік беру. Суретке қарап сөйлем құрау. Балалар дың ой-өрісін, сөздік қорын, тіл байлығын, тілін дамыту. Балаларды ұғымталдық қа, әдептілікке тәрби-у Жұмбақ Өзі сондай нәзік, Су құйсақ кетеді Алақанын жазып. Бұл не болды балалар?	**Сөйлеуді дамыту** Су асты әлемі Мақсаты: су асты әлемі жайлы білімде рін кеңейту; су астын да тіршілік ететін жәндіктер туралы ұғым беру; сегізаяқ пен таныстыру; қысқы су асты тіршілігі жай лы білім беру; су қауіпсіздік ережелері мен таныстыру. «Су астындағы тірші лік иесі» тақырыбы «Теңіздің астында тағы бір өте ғажайып тіршілік иесі бар – ол сегізаяқ. Сегіз тармақты мүшесі бар теңіз жәндігі. Аяқтары ның саны сегіз болған дықтан, сегізаяқ деп атаған. Аяқ орнына жүретін қармалағыш тары болады. Дидактикалық ойын: «Жақсы және жаман» Теңіз-жақсы, себебі... (теңізде демалуға бола ды, теңіз суының емдік қасиеті бар, теңізде адамдар демалыс күндерін өткізеді, теңіз суы ащы, бірақ пайдалы)	**Дене шынықтыру** 1.Саптізбекте бір-бірден жүгіру. 2.Қимылдың бағытын сақтап,6 метр арақашықтықта төрт тағандап еңбектеу. 3.Қолына доп ұстап, шығыршыққа тимей, шығыршық ішінен тура және бір бүйір мен өту. 3.Қ/о: «Ойыншықтар ға қарай жүріңдер». **Сауат ашу негіздері** Сауат ашу әлеміне саяхат Мақсаты: балалармен сауат ашу әлеміне саяхат жасау арқылы дыбыстарды, әріптер ді, буындарды, сөздер ді, сөйлемдерді қайталата отырып, балалардың білімін тиянақтау. Балалардың ой-өрісін, есте сақтау қабілетте рін, сөздік қорын, тіл байлығын, тілін дамыту. Жазуға қолдарын жаттықтыру **Көркем әдебиет** Шана

	Табиғат егіз адаммен Ұқсастық табам содан мен Мәңгілік болсын егіздер Жер-ана,көл теңіздер. **Математика негіздері** 1-ден 20-ға дейін санау Мақсаты: 20-ға дейінгі сандар қатарымен таныстыру, 20 көлемін де реттік санауға үйрету (тура, кері тәртіппен) Тақтаға 20-ға дейінгі сандар қатары ілінген. **Сурет салу** «Желкенді қайық» Мақсаты: Құрама пішінді-желкенді қайықты бейнелеуді үйрету. Тік, көлбеу және қисық (ирек) сызықтар салу, бейнеленген бөлшектердің, шетіне шығып кетпей, жоғарғы бетін бояуды үйрету. Сурет салуға ынталы болуға, қиялдауға, суретті ұсақ бөлшектермен толықтыруға тәрбиелеу. Өтілу барысы: Балаларға қонаққа кішкене гном келеді. Ол алыс елдерге немесе аралдарға саяхатқа қатты шыққысы келетінін айтады. Саяхатқа немен	таңбалануы Мақсаты: екінші ондық сандарының оқылуымен және жазылуымен таныстыру, 10 көлемін дегі реттік және есептік санауды бекіту. Тапсырмалар: 1. 0-ден 10-ға дейін тура санау 2. 10-дан 0-ге дейін кері санау. 3. 1-ден 10-ға дейін бір саннан аттай отырып тура санау. 4. 1-ден 10-ға дейін бір саннан аттай отырып кері санау. 5. Келесі санды атау. 6.Алдыңғы санды атау 7.Сандардың көршілерін атау. Д/о: «Қайсысы неге ұқсайды?» **Қоршаған ортамен танысу** Мен жақындарыма қалай көмектесемін? Мақсаты: жақындарына құрметпен қарап, оларға қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу; Құрдастарымен және ересек адамдармен бірге еңбектенуге үйрету; Жақындарының қамын ойлауға дағдыландыру; мейірімділікке, жақын дарына қамқор бола білуге тәрбиелеу.	-Гүл. -Енді осы гүл сөзін пайдаланып бірнеше сөздер айтайық. -Дала. Гүл. Ашылды. Әдемі. Бақ. Енді осы сөздерді бір-бірімен байланысты рып айтып көрейік. Балалар, біз бүгін сендермен сөйлем туралы түсініп, оның қалай жасалатынын үйренеміз. -Гүл қайда өседі? -Гүл қандай? -Енді осы сөздерді біріктіріп айтайық. -Далада әдемі гүл өседі Сөйлем төрт сөзден құралып тұр. Сөйлемде сөздер бір-бірімен байланысып тұр. **Д/о: «Кім шапшаң сөйлем құрайды?»** **Көркем әдебиет** Шынықсын денеміз Б.Соқпақбаев Мақсаты: балаларға өлеңді жаттата оты рып, қыс мезгілінде ауырмас үшін шынығу керектігін түсіндіру. «Шынықсаң шымыр боларсың» сөзінің мағынасын түсіндіру. Қ/о: «Кім жылдам?» Шарты: балалар екі	Теңіз-жаман, себебі...(суық суда шыныққаған адам тез ауырып қалуы, малту білмесе батып кетуі, кемелер соғылуы мүмкін, теңізде акулалар өмір сүреді және т.б.) **Қоршаған ортамен танысу** Адам, табиғат, денсаулық Мақсаты: адам денсаулығының қоршаған ортамен байланысын анықтау; қысқы демалысты дұрыс ұйымдастыра білуге үйрету; салауатты өмір салты туралы түсініктерін дамыту. Д/о: «Қыс мезгіліндегі қауіп-қатерлер» Шарты: үстел үстіне қысқы табиғат құбылыстары (жауып тұрған қар, үскірік аяз, көктайғақ, боран) бейнеленген суреттерді жайып қояды. Балалар суреттердің ішінен біреуін таңдап, табиғат құбылыстарының қауіп-қатерлерін және бұл қатерлерден сақтану жолдарын баяндайды.	Мақсаты: қыс мезгілінің ерекшеліктерін балаларға түсіндіру. Қыс мезгілінде ойналатын ойындарды, сырғанауға арналған заттарды ажырата білуге үйрету. Д/о: «Қандай қимыл жасағанын тап». Шарты: бастаушы түрлі қимылдар (шаңғы, хоккей, коньки, шана) жасайды, балалар қандай қимыл жасағанын табуы к/к. **Математика негіздері** Екінші ондық сандарының әрқайсысының құрылуы. Мақсаты: екінші ондық сандарының құрылуымен таныстыру, 20 көлеміндегі реттік және есептік санауды бекіту. Сан баспалдағын құрастыру. 10 санының құрамы, «алдыңғы және келесі сан» түсініктері мін детті түрде қайталанады Әр балаға шот (10 шең бері бар жолақ) пен жеке-жеке басқа түсті 101 шеңбер дайында-ды.

	шығуға болатынын талқылау. Балалар гномға желкенді қайық салып беруді шешеді. Орындалу тәсілін көрсету. **Жұмбақ** Жерде жүрер жөні жоқ Судан басқа жолы жоқ. (Қайық)	Атамнан басталар, Әжеммен қосталар, Отбасым мыналар: Ең жақын адамдар Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар. Бәрін жақсы көремін, Еркелеймін, еремін.	топқа бөлінеді. Ортада белгі көрсетілген. Балалар көрсетілген белгіге сырғанап жетіп, өз орындарына сырғанап келуі керек. **Қазақ тілі** «1001 мақал101 жұмбақ» Мақсаты: балаларды алғырлыққа, тапқырлыққа баулу.	**Музыка** **Қазақ тілі** Д/о: «Кім? Не?» Мақсаты: жанды жансыз заттарды айыра білуге үйрету. Шарты: балаларға суреттер беріледі. Балалар ол суреттерде не бейнеленгенін және оның жанды не жансыз екенін айтады.	-Жолақта неше шеңбер бар? (10) -Жоғарғы жағынан тағы бір шеңбер қойыңдар. Барлығы неше шеңбер болды? (11,12 және т.б.) **Д/о: «Не өзгерді»** Мақсаты: көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	**Ауа райына бақылау жасау** Көктемгі ауа райы өте құбылмалы, бірақ күн нен-күнге күн жылы на бастайды. Ауа қысымы көтеріледі. Ашық күндер көп болып, күн сәулесін мол шашады. Аспан сұрғылт түсін ашық көк түске алмастыра ды. Көктемнің алғаш қы айы мен соңғы айын салыстыра білу ге үйрету. Ауа райы ның өзгерісін анықтап оны ажырата білуді жалғастыру. Балалар дың байқампаздығын, табиғат пен қарым-қатынасын дамыту. **Жұмбақ**	**Ауа райына бақылау жасау** Қ/о: «Қасқыр мен лақтар» Мақсаты: белгі бойын ша ұзындыққа секіру ді жалғастыру (лақтар алаңда жүгіреді); жүр гізуші қасқырдың көзі не түспей, алаңда жүреді. Ойын шартын бұзбау, ұсталғандары шетке шығады. Еңбек іс-әрекеті **Төпырақты тұқым салуға дайындау.** Мақсаты: еңбектенуге деген қабілетін дамыту бастаған ісін аяқтау, үлкендерге көмектесу. Д/о: «Ауа райын сипатта!» Мақсаты: балалардың	**Күнге бақылау жасау** Күннің аңыздылығы адам өмірінде өсімдік пен жануарлар әлемін дегі алатын орны жайында түсінік қалып тастыру. Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге үйрету (жоғары көтерілді, шуақтары жылу шашқанда қарай алмайсың). **Мақал** Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық. **Тақпақ** Күлімде, күн күлімде Жер жасарып көгерсін Кешегіндей бүгін де, Қанат қақсын көгершін Болжам Егер күн көзі қыста	**Күнге бақылау жасау** **Қ/о: «Күн мен бұлт»** Шеңбер бойында жұп пен тұруды жалғасты ру, ойын ережесін сақтау. «Күн» деген сөзді естігенде қыдырып жүреді, ойнайды, «түн» сөзін де тығылады. **Еңбек әрекеті** Гүл тұқымын топы рақа егу. Балаларға жұмыстың қарапайым, оңай түрін үйрету. Құрал-сайман дарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Тапсырма: 1.Ауладан күнге қызған затты табу. Оның неден жасал	**Желге бақылау жасау** Көктемгі жел құбыл малы. Егер солтүстік тен соқса өткір және суық болады. Мұндай желді көктемгі дауыл әкеледі, ағаштарды сықырлатып шайқалта ды, терезеге қар соқты рады. Оңтүстік жел жылы леппен және ауа райын өзгертіп, жаңбыр жаудырады. Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыс тар жайында білімде рін кеңейту, желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту. Жұмбақ. Мақал-мәтел

	Күн ұзарып Қар еріп, Су сайларға толады Айтыңдаршы бөбек-м Бұл қай кезде болады? (көктемде) **Мақал-мәтел** Таудан су ақса, көктем келеді.	ауа райына байланыс ты сөзді таңдап алуды үйрету (жылы, ашық, суық, құрғақ, желді, жаңбырлы, тұманды) Тақпақ Ой,балалар,балалар! Жылы-жылы жел соқты Жылғалардан су ақты Қаңқыл-қаңқыл қаз кепті	тұманға батса-боранға, Ал күн астынан қабат талған бұлт көрінсе ауа райының бұзылуына. Жұмбақ Жұрттың бәрі сүйеді, Бірақ қарай алмайды. (Күн)	ганын айту. Қорытынды. Алдымен темір заттар қызады. 2.Қай зат тез ысиды? Қорытынды. Ақшылға қарағанда қара заттар тез ысиды.	Келсе де әні құлаққа, Көшерімді жел білсін Өзін ешкім көрмейді Қонарымды сай білсін Жусан,қамыс,құраққа Тіптен маза бермейді
Серуеннен оралу	балалар қолдарын тамақтың алдында өз бетінше жууға, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге үйрету, қасықты оң қолмен ұстауға баулу: А.Меңжанова «Тазалықтың досы» ойыны, мақсаты: көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуге үйртеу, Б. Кірібаев «Сабын жыры» М.Әлімбева «Бұл не?» салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру (Көркем әдебиет, Сөйлеуді дамыту)				
Түскі ас	қасықты оң қолмен ұстауға баулу, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу үйрету, мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту. «Он саусақ» үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды (мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру, өзіне-өзі қызмет көрсету)				
Күндізгі ұйқы	Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға үйрету, досының шешінбегенін байқауға және оған көмегін ұсынуға баулу.«Әжемнің ерегісі» ертегіні мұқият тыңдауға машықтандыру				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады. Төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму. Төсекте жатып, велосипед тебу. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ-қолды созу. Төсекте отырып, бір-біріне қарап сәлемдесу.				
Бесін ас	мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту, ұқыпты тамақтану дағдыларын жетілдіру (Қоршаған ортамен танысу, мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл ды ойындар, үстелүсті ойындары, бей нелеу әрекеті, кітап тар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сюжетті рөлді ойын: «Киім дүкені» Мақсаты: ойын бары сында рөлдерді ойнай білуге үйрету. Сату шы әртүрлі киімдер түрлері туралы әңгі-ді	Құрылыс материал (конструктор) «Балабақшадағы ойын алаңы»	Саусақ жаттығуы: Қарсақтарды түлкімен Шатастырып жүрдім мен Әзер,әзер айырдым, Қарадым да дүрбімен.	Үстел үсті ойыны: «Сүт,ұн,ет тағамдары» Мақсаты: балаларды тағамдар түрін толықтай айыра алуға оны атай алуға баулу.	Дидактикалық ойын: «Қай ай екенін тап» Мақсаты: берілген белгілері бойынша көктем айын анықтау ды үйрету.
Балалармен жеке жұмыс	Айтылуы және дыбыс талуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық	Кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру	Дыбыстардың белгіле рін ажыратуды (дауыс ты/дауыссыз) меңгерту	Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру	Біртекті заттардан сюжеттер құрастыру ды, бірнеше пішінді

	айтуды Алиханға үйретуді жалғастыру (Сөйлеуді дамыту)	ді үйрету мақсатында Садибекова Анармен жеке жұмыс. (Көркем әдебиет)	ді Сағынышпен жалғас тыру. (Сауат ашу)	ды Рахымбай Әбілхайырмен үйрену. (Математика)	бір тұғырға орналас тыруды Мағжанға меңгертуді жалғасты ру (Мүсіндеу)
Серуенге дайындық, серуен	«Кім жылдам» ойыны мақсаты: өзін ретке келтіруге, өзіне-өзі қызмет көрсетуге бауду				
Серуен	Қ.ұ.о. «Аларман» Мақсаты: балалардың икемділігін, жалтара бұрылу қабілетін дамыту.	«Бұлақ» ойыны Мақсаты: балалардың зейінін, белгіге жауап қайтару шапшаңдығын дамыту.	Қ/о: «Алтын күн» Мақсаты: жүгіру дағдысын дамыту.	Қ.ұ.о. «Кім күшті» Мақсаты: балалардың күш-қуаты мен ептілі гін дамыту.	Қ/о: «Жіп» Мақсаты: зейінді, секі ре білу дағдысын дамыту.
Үйге қайту	Ата аналармен балалардың көңіл күйі, балалар отбасында өздері не істей алатындары, баланың жеке қызығушылығы туралы әңгімелесу, балаларға қандай ертегілер оқуға болатындығы жөнінде кеңес беру				

Тексерілді Жиналыс
әдіскер Шманкулова А.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: ЖШС «Нұр-Әли»
Тобы: «Күншуақ» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 2023 жыл наурыз айы, (27-03 аралығы)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүсенбі 27	Сейсенбі 28	Сәрсенбі 01	Бейсенбі 02	Жұма 03
Балаларды қабылдау	Балаларды таңғы сүзгіден өткізіп, көтеріңкі көңіл күймен қабылдау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Балаларға ыңғайлы жағдай жасай отырып, қызығушылығын арттыру үшін жеке ойын ұйымдастыру. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуге машықтандыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге әдеттендіру (Сөйлеуді дамыту, танымдық әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу балалардың жеке ерекшеліктері туралы сұхбаттасу. Баланың жан-жақты дамуына қолайлы қауіпсіз жағдай жасаңыз.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау тағы басқа әрекеттер)	**Пэтри плей ойыны** Мақсаты: симметрия, бөлшек ұғымдарын игертеді. № 21 карточкамен жұмыс	**BECERIKLI YAPILAR** Мақсаты: балалардың жоспарлау, бағдарлау қасиеттерін дамыту, шығармашылық, эстетикалық талғамын арттыру.	**Үстел үсті ойыны: Киіз үй құрастыру.** Мақсаты: балаларды байырғы ата-бабалары мыз тұрған киіз үйдің бөліктерімен таныстыру.	**Д/о: «Таныс пішін дер доминосы»** Мақсаты: геометрия лық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру	**Дидактикалық ойын: «Поезд құрастыру»** Мақсаты: заттардың кеңістікте орналасуы жайында түсініктер беру, орналасу қалып тарын салыстыру.
Таңертенгі жаттығу	«Ысқырғыш»: Бірінен соң бірі сапта тұрып бағыт өзгерте жүру. «Шапалақ»: Бытырап жүгіру.Қолдарын алға, артқа тербету. Оңға бұрылып қолды артқа созу, солға бұрылып қолды артқа созу. Түзу тұрып, аяқты алшақ қойып, қолды шынтақта бүгу: «насоспен» дөңгелекке жел үрлегендей қимылдарп жасау. Арқаға жатып, дене бойымен қолды созу, аяқтарын кеудеге тартып тізеден қолмен шапалақтау, қайта қалыпқа келу.				
Таңғы ас	Балалар қолдарын тамақтың алдында сабынды дұрыс қолданып өз бетінше жууға, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге, орамалды орнына ілуді үйрету, қасықты оң қолмен ұстауға баулу, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету (мәдени-гигиеналық				

	ережелерді орындау дағдыларын бекіту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Желілі рөлді ойын: «Кішкентай көмекшілер»	Д/о: «Қай ай екенін тап»	«Қызғалдақ» ертегісі	Табиғаттың жануы (бақылау)	Д/о: «Мен кіммін?»
Кестеге сай ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** 1. «Дорбашаны алақанға сал» жат-уы Отыру,қол жан-жақта, дорбаша оң (сол) қолдың алақанында. Қолды жоғары көтеру, дорбашаны сол алақанға салу. 2. «Аяқтың ұшына тигіз» жаттығуы Аяқты алшақ қойып, дорбашаны оң қолда ұстап тұру. Тізені бүкпей алға иіліп, құм дорбашаны сол аяқтың басына тигізу. 3. «Қолды ауыстыру» жаттығуы **Сөйлеуді дамыту** Тазалық-саулық кепілі Мақсаты: гигиеналық ережелер туралы түсініктерін кеңейту; тазалық туралы түсіндіру; мәдени-гигиеналық және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру; тазалыққа, ұқыптылыққа тәрб-у. **Жұмбақ** Ертемен күнде сен, Қолыңа сүйкесең. Кетіп кір ласың, тап-	**Сауат ашу негіздері** Сауат ашу әлеміне саяхат Сауат ашу әлемінің бірінші аялдамасы. Аялдаманың бірінші тапсырмасы: -Дыбыс дегеніміз не? -Дыбыстар нешеге бөлінеді? -Дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыс тарды қалай ажырата мыз? -Дауысты, дауыссыз дыбыстар қандай тек шелермен белгілейміз? Әріп дегеніміз не? -Сөз неден құралады? -Шана сөзі неше буыннан тұрады? -Сөйлем неден құралады? Д/о: «Қай буынды жоғалттым?» Кеспе буындардан сөз құрау оны оқып, дыбыстық талдау жасау. Суретпен жұмыс: 1.Суреттегі заттардың атын жаз. 2.Сызба бойынша сөйлем құрастыр. **Музыка**	**Дене шынықтыру** 1.Бір қатардан бірнеше қатар жасау, тізбекті сапта қолды алға созып, арақашықтықты сақтау. 2.Тізбектен шеңбер жасап жүгіру, шеңбер бойымен жүгірген бағытына қарама-қарсы жүгіру. 3.Гимнастикалық орындық үстінен арқаға құм дорбаша қойып тура,кері еңбектеу. **Сауат ашу негіздері** **Сауат ашу әлеміне саяхат** Мақсаты: өткен әріптер мен дыбыстар дың жазылуын, оқы туын пысықтау, байла ныстырып сөйлеуге үйрету, жазуға қолда рын жаттықтыру. Сөз, буын, сөйлем тақырып тарын қайталау. **Көркем әдебиет** «Күшпен ғана емес» К.Ушинский әңгімесі Мақсаты: балаларға әлеуметтік ортадағы және отбасындағы	**Сөйлеуді дамыту** Тазалық-саулық кепілі Мақсаты: тазалық туралы білімдерін бекіту; тазалық пен денсаулық жыл мезгіл деріне қатысты киім дер, киім тазалығы туралы білім беру. **Д/о: «Заттың атын табайық»** Үстел үстіне түрлі заттар: жүн, қылқалам шыны құты, моншақ тар, мақта, қағазды қою. Ал балалар көз дерін жұмып, қолдары мен не зат екенін табуы керек. **«Киім тазалығы»** та қырыбына әңгімелесу -Киім тазалығы не үшін қажет? -Киім қандай болу керек? (таза, үтіктел) -Киіміне қарап адам ның ұқыпты немесе ұқыпсыз екенін қалай білуге болады? **Қоршаған ортамен танысу** Саябақта, орманда өзіңді қалай ұстау керек?	**Дене шынықтыру** 1.30 см биіктіктен төменге секіру. 2.Музыкалық-ырғақты қимылдар (алдыға қарай қырын дап жүру,бір қалыпты отыру) 3.20 см көтерілген сат ның тақтайшалары үстінен аттап жүру. 4.Бір шеңберден екін ші шеңберге секіру. Қ/о: «Асық кімде?» **Сауат ашу негіздері** **Д/о: «Кім тапқыр?»** Мақсаты: берілген дыбыстың орнын таба білуге машықтандыру Ойын барысында бала ларды зейінді болуға дағдыландыру. Түстер ді тез айырып, жыл дамдыққа, тапқырлық қа баулу. Достық қа рым қатынасты тәр-у Шарты: берілген дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында келетіндігін айту. Егер дыбыс сөз дің басында болса көк жалаушаны, соңында болса қызыл түсті

	таза боласың. Бұл не? (Сабын) Шомылған баланы, аймалап алады. Сүртеді қолыңды, сүртеді жоныңды. Бұл не? (Сүлгі) Қолы жоқ, сөзі жоқ, бірақ та тісі бар, Басыңмен ісі бар. Бұл не? (Тарақ) Иілсең иіліп, түйілсең түйіліп, Қарайды кісі ге, ұқыпты ісіне. Бұл не? (Айна) **Желілі-ролді ойын:** «Парфюмерия дүкені» **Математика негіздері** ***Д/о:*** **«Заңдылығын тап»** Мақсаты: балалардың логикалық ойлауын, заңдылықты қоя білу дағдыларын дамыту. Мазмұны: тәрбиеші тоғыз тор көзден тұра тын, олардың алтауы заттармен кезектесіп отыратын кесте бар. Үш зат үстелдің үстінде жатыр. Орналасу заңдылығын анықтап, заттарды өз тор көздеріне қояды. Егер балалар тапсыр маны дұрыс орындап, өз әрекеттерін	**(маман жоспарымен)** **Математика негіздері** ***Д/о:*** **«Адасқан цифрлар»** Мақсаты: баланың ойлау жылдамдығын арттыру. Мазмұны: цифрлар жазылған карточкалар ды тақтаға ілінеді, балалар қалып қойған санды атайды. **Қоршаған ортамен танысу** Қоғамдық орындарда жүріп-тұру Мақсаты: балаларды қоғамдық орындарда, көшелерде өзін дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру; қоғамдық орындарда өзін дұрыс ұстау ережелерін түсіндіріп, үйрету; жолда, көшелерде қауіп-қатерлерден сақтану жолдарын түсіндіру; қоғамдық жерлерде өзін дұрыс ұстау мәдениетіне тәрбиелеу. Сұрақ-жауап: -Аялдамада тұрғанда доп ойнауға бола ма? -Жол жиегінде ойнай тын балаларға қандай пайдалы кеңес бере аласыңдар? (Жол жие	тәртіп ережелерін мең геруге көмектесу; шығарма кейіпкерлері нің іс-әрекетіне, адам гершілік қасиеттеріне баға беруді, дұрыс сараптама жасауды үйрету; құрбы-құрдас тарымен дұрыс қарым-қатынаста болу дағды ларын дамыту; мәде ниеттілікке тәрбиелеу. Әңгімені оқып беру. Мазмұны бойынша әңгіме өткізу. -Бұл әңгіме кім туралы жазылған? -Таня неге жылады? -Неге Митя әкесіне шағым айтуға жүгірді? -Әкесі Митяға не деді? -Екі баланы да кінәлі деп айтуға бола ма? **Қазақ тілі** Көктем келді Мақсаты: балаларға көктем мезгілі туралы түсінік беру, көктем мезгіліне тән сөздерді үйретіп, сөйлемдер құрауға жаттықтыру; сөздік қорларын молайту. Көктем туралы түсінік беру: Көктемде қар ериді, күн жылынады. Бәйшешек өседі. Көк	Мақсаты: табиғат аясындағы өз әрекет теріне және қоршаған ортаға байланысты адам қылықтарына баға бере білуге дағды ландыру; табиғат аясында өзін дұрыс ұстауды, табиғатқа аяушылық сезіммен қарауды үйрету. **«Ормандағы жабайы» атты тиін оқиғасы** «Ормандағы қожайын» Тиін жинап жаңғағын, Жүрген еді тып-тыныш Тап-таза қып жан-жағын Бірақ бірде орманға Жағымсыз бір жабайы Аласұрып келеді Айналасын қиратты Ағаштарды құлатты Шашып тастап жаңғақты Аң біткенді зарлатты Тиін, жаны жаралы Бұл сұмдыққа қарады. Д/о:«Болады-болмайды» **Музыка** **(маман жоспарымен)** **Қазақ тілі** Көктем келді Мақсаты: көктем мезгіліндегі табиғи құбылыстар мен көктем айларын дұрыс айта білуге үйрету; құстарға, ағаш тарға қамқор болуға,	жалаушаны көтереді. **Көркем әдебиет** «Аурудан аяған күштірек» Ы.Алтынсарин Мақсаты: анаға деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу, орын алған жағдайларды бағалай білуге дағдыландыру; өмірдің әртүрлі жағ дайларында саналы әрекет жасауға үйрету өзіне және өз күшіне сену қасиеттерін дамыту; анасына деген құрмет сезім дерін тәрбиелеу. Әңгімені оқып беру. Әңгіме мазмұны бойынша сұхбат өтк-у **Математика** ***Д/о:***«Сиқырлы қалта» Мақсаты: балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үйрету. 1-нұсқа: затты қолмен ұстап санау. 2-нұсқа: қандай зат екенін ұстап көріп, анықтау. Балалардың ортасына «сиқырлы қалтаны» әкелу. Арасынан бір баланы таңдап алу. Ол бала көзін жұмып, қолын «сиқырлы қал таға» салып, кез кел

	түсіндіруде қинала тын болса, онда тәрбиеші оларға көмектеседі. **Мүсіндеу** Дәмді тағамдар Мақсаты: пешке пісірілген тағамдарды тандыр нан, бубли к тер, түрлі пішінді және мөлшерлі бүкте мелер мүсіндеуді үйрету.	гінде ойнауға болмай ды, дөңгелек астына түсіп кету қаупі бар) -Аялдамада өзіңді қалай ұстауың керек? Неліктен? (Жолдан алыс тұру керек, жүгі ріп ойнауға болмайды көлік астына түсу және түрлі жарақаттар дан аман болу үшін тыныштық сақтап, абай болу қажет)	тем айлары: наурыз, сәуір, мамыр. Фонетикалық жаттығу Ыз,ыз,ыз-наурыз Ір,ір,ір-сәуір Көктемде құстардың ұшып келетінін айтып «Ұшты,ұшты» ойынын ойнату.	еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Көктем** Көктем,көктем, көктемде, Құстар келіп жеткенде Қуанып бір қаламыз Әнмен қарсы аламыз. Фонетикалық жаттығу Ұ,ұ,ұ – ұя Көк,көк,көк – көктем Бәй,бәй,бәй-бәйшешек.	ген түймелері бар жолақты таңдап алып, қолын «сиқырлы қалтадан» шығарма ған бойы түймелерді саусағымен санайды. Қалтадан қолын шығарып, санын айтады. Балалар тек середі және түймелер дің санына сәйкес цифрларды көрсетеді.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге				
Серуен	**Желге бақылау жасау** Тақпақ Желдет, желдет! Жеті қара дауылдат! Өрісін құлат, баласын жылат Тайтерісін қалтырат Науа-астауын жалтырат! Қ/о: «Қақпақ пен таяқ» Еңбек: Балаларға топыраққа су құю барысында мұқият болуды, өз еңбегінің қажеттілігін түсіне білуге үйрету. Өсімдікті күту барысында тыңғы лықты жұмыс атқара білуге тәрбиелеу. Д/о: «Жақсы, жаман» Табиғатта болып жатқан құбылыстардың жақсы және қарама-қайшы	**Аспанға бақылау жасау** Балалардың көктемгі аспанға назар аудару ларын талап ету. Аспанның қыста қандай болатынын, қазіргі кезі қандай екенін нақтылау. (Қыста аспан-сұр, ал қазір-көкшіл) Бақылау барысында көркем сөзді қолдануды үйрету. **Жұмбақ** Бір түкті кілем Бір түксіз кілем (аспан мен жер) **Болжам** Егер көктемде ауа райының қалыптылы ғында таңертең дөңге ленген қабатты бұлт	**Аспанға бақылау жасау** **Қ/о: «Қазым, қазым қаңқылда!»** Ойын шартына сай түрлі қимылдар жасауға үйрету. Балалардың ойында қырағылық, шапшаң дық таныта білдіруіне назар аудару. Еңбек: Тұқымды қара шірікке отырғызу. Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу. Құралдарға деген ұқыптылықты тәрби-у. **Д/о: «Көктемге арнап бояу табайық»** Балалардың жыл мез гілі туралы білімін тиянақтау-көктем таби	**Шоғырланған бұлт қа бақылау жасау** Наурыз айының екінші жартысында алғашқы шоғырланған бұлттар пайда бола бастайды. Ауа райы ның жылуына байла нысты олардың пайда болатынын түсіндіру. Қардың еруі қалай тез болса, бұлттар да сонша көбейе түседі. Олар қысты күндегі дей аспанды толық баспайды. Тек шоғыр ланып жүреді. Осы бұлттар ұлпа мақта дай түрлі пішінде тегіс негізде болады. Шоғырланған бұлтты аспаннан көріп, қайта ланбас сұлулығын	**Шоғырланған бұлт қа бақылау жасау** **Қ/о: «Кілттер»** Кеңістікті бағдарлап жылдам әрекет жасау ға үйрету. Бастаушы шеңбер бойымен жүріп, кілт кімде деп сұрайды. Балалар жауап беріп орында рын ауыстырады. Бас таушы бос шеңберді жылдам алып қою керек. Шеңберсіз бос қалған бала бастаушы орнына болады. Бала лардың ойынға деген қызығушылығын арттыру. **Еңбек:** Ауладағы қарды тазалау. Күрекпен жұмыс істей

	тұстарын көре білуге үйрету. Өлі табиғат пен тірі табиғаттың бір-бірімен байланысын; ойлау қабілетрін, сөздік қорын дамыту. (Балаларға жел дің әсерінен болған жағымды-жағымсыз жағдайды айта білуді ұсыну) Тапсырма. «Бұлттардың қозғалысына байланыс ты жел күшін анықтау»	тар көрінсе, ал кешке жоғалып кетсе онда ауа райы жақсы, тұрақты болады. **«Көктем»** тақпақ Қ.Аманжолов Сансыз көкек сұңқылдап Көктем келді ертерек Нәзік үнмен сыңқылдап Бұйра бұлақ еркелеп	ғаттағы өзгеріс. Өсім діктер мен жануарлар дың көктемде бояуы қанық болатынын түсіндіру. Байланыстыра сөйлеу ді дамыту. Өзіндік іс-әрекет Ауа райының жағымды тәртіп дағдыларын қалыптастыру.	байқай білуге үйрету. Шығармашылық қабылдауын дамыту. **Д/о: «Бұлт неге ұқсайды?»** Түрлі заттар мен жануарлардың келбетін таба білуге үйрету. Қиялын, шығармашылық қабылдауын дамыту.	білу, қарды үю. Оны анықталған орынға апару. Еңбекті ынта мен жасауларын қалыптастыру. Өзіндік іс-әрекет Балалардың бірлескен мықты нәтижелі еңбегіне баға беріп, құптау.
Серуеннен оралу	балалар қолдарын тамақтың алдында өз бетінше жууға, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге үйрету, қасықты оң қолмен ұстауға баулу: А.Меңжанова «Тазалықтың досы» ойыны, мақсаты: көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуге үйртеу, Б. Кірібаев «Сабын жыры» М.Әлімбева «Бұл не?» салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру (Көркем әдебиет, Сөйлеуді дамыту)				
Түскі ас	қасықты оң қолмен ұстауға баулу, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу үйрету, мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту. «Он саусақ» үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды (мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру, өзіне-өзі қызмет көрсету)				
Күндізгі ұйқы	Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға үйрету, досының шешінбегенін байқауға және оған көмегін ұсынуға баулу.«Әжемнің ерегісі» ертегіні мұқият тыңдауға машықтандыру				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Созылу.Б.қ. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып оң қолымызды сол аяғымызды жоғары көтеріп, түсіреміз. Қол, аяғымызды ауыстырып қайталаймыз (3-4 рет) Төрт аяқтап тұрып шынтаққа тіреліп алақанымызбен иегімізді ұстап оң аяғымызды созу, сол аяғымызды созу, (3-4 рет)				
Бесін ас	мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту, ұқыпты тамақтану дағдыларын жетілдіру (Қоршаған ортамен танысу, мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау тағы басқа әрекеттер)	**Сюжеттік-рөлді ойын: «Тігінші»** Мақсаты: балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгіме лей білуге дағдылан дыру.	**Д/о:** **«Мамандық қызметі** Мақсаты: балаларға есімдерді дұрыс атау ды үйрету, мамандық тардың атауларын бекі ту.	**Үстел үсті ойыны: «Не жетіспейді»** Мақсаты: көзбен қабылдау және ойлау қабілетін дамыту.	**Саусақ жаттығуы: Өрмекші** Өрмелеген өрмекші Өнеріңді көрсетші. Қалай,қайтіп тоқыдың Мынау ғажап өрмекті?	**Д/о: «Дәндер»** Мақсаты: балалардың қиялын дамыту, қимыл үйлесімділігін жетілдіру.
Балалармен жеке жұмыс	**(Математика негіздері)** Әртүрлі белгілері бойын ша заттарды салыстыра алуды (түсі, пішіні,	**(Сауат ашу)** Үш-төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау	**(Мүсіндеу)** Қарапайым пропорция ларды сақтай отырып, адам мен жануардың	**(Құрастыру)** Қалдық және табиғи материалдан құрас тыруды Серік Бағым	**(Сөйлеуді дамыту)** Негізгі ойды дұрыс тұжырымдауды, өз пікірін айтуды

	өлшемі, материалы, қолданылуы) Матаева Айдамен үйренуді жалғастыру.	жасауды Рахымбай Әбілхайырмен жалғастыру.	пішіндерін мүсіндеуді Алиханға меңгертуді жалғастыру.	мен үйренуді жалғастыру.	Жолдасов Абдуллаға үйрету.
Серуенге дайындық, серуен	«Кім жылдам» ойыны мақсаты: өзін ретке келтіруге, өзіне-өзі қызмет көрсетуге баулу				
Серуен	**Қ/о: «Ұшқалақтар»** Мақсаты: ілгері жылжи отырып, қос аяқтап секіруге жаттықтыру.	**«Көктем қуанышта ры» эстафетасы** Мақсаты: таза ауада ойын өткізу арқылы денсаулықты жақсарту ға көмектесу.	1. «Поезд» тапсырмасы 2. «Құтқару шеңбері» 3. «Нысанаға тигіз» 4. «Иненің көзі»	**Қ.ұ.о. «Лақ ұстау»** Мақсаты: жүгіру дағдысын дамыту.	**Қ/о: «Аңшы»** Мақсаты: допты лақтыру мен дәлдеуге жаттықтыру.
Үйге қайту	Ата аналармен балалардың көңіл күйі, балалар отбасында өздері не істей алатындары, баланың жеке қызығушылығы туралы әңгімелесу, балаларға қандай ертегілер оқуға болатындығы жөнінде кеңес беру				

Тексерілді Жылдыз
әдіскер Ыбанкулова А.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: ЖШС «Нұр-Әли»
Тобы: «Күншуақ» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 2023 жыл наурыз айы, (06-10 аралығы)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүсенбі 06	Сейсенбі 07	Сәрсенбі 08	Бейсенбі 09	Жұма 10
Балаларды қабылдау	Балаларды таңғы сүзгіден өткізіп, көтеріңкі көңіл күймен қабылдау. Баланың бүтінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Балаларға ыңғайлы жағдай жасай отырып, қызығушылығын арттыру үшін жеке ойын ұйымдастыру. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуге машықтандыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киммен жүруге әдеттендіру (Сөйлеуді дамыту, танымдық әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу балалардың жеке ерекшеліктері туралы сұхбаттасу. Баланың жан-жақты дамуына қолайлы қауіпсіз жағдай жасаңыз.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау тағы басқа әрекеттер)	**«Тапқыр достар»** (интеллектуалдық ойын) Мақсаты: балалардың білімге деген қызығушылығын арттыру. **Еңбек:** табиғат бұрышында еңбек ету.				
Таңертенгі жаттығу	«Ысқырғыш»: Бірінен соң бірі сапта тұрып бағыт өзгерте жүру. «Шапалақ»: Бытырап жүгіру.Қолдарын алға, артқа тербету. Оңға бұрылып қолды артқа созу, солға бұрылып қолды артқа созу. Түзу тұрып, аяқты алшақ қойып, қолды шынтақта бүгу: «насоспен» дөңгелекке жел үрлегендей қимылдарп жасау. Арқаға жатып, дене бойымен қолды созу, аяқтарын кеудеге тартып тізеден қолмен шапалақтау, қайта қалыпқа келу.				
Таңғы ас	Балалар қолдарын тамақтың алдында сабынды дұрыс қолданып өз бетінше жууға, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге, орамалды орнына ілуді үйрету, қасықты оң қолмен ұстауға баулу, нанды үтітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету (мәдени-гигиеналық				

	ережелерді орындау дағдыларын бекіту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**(Сөйлеуді дамыту)** **«Әртүрлі сөздерді жинақта»** Мақсаты: сөздің бірін ші және соңғы дыбы сын ажыратып үйрету.	**(Математика)** **«Үйдің есігін жабайық»** Мақсаты: заттарды өлше мі бойынша салыстыру ға, жуан және жіңішке заттарды ажырата алу.			
Кестеге сай ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** 1.Орынан ұзындыққа секіру. 2.Төрт тағандап бөре не бойымен еңбектеу. 3.Қатар қойылған заттарды айнала «жыланша»жүгіру. **Қ/о: «Қарғалар»** **Сөйлеуді дамыту** Көктем Мақсаты: көктемгі тір шілік, көктемгі еңбек тер туралы түсінікте рін тиянақтау. Табиғаттың әсемдігін, сұлулығын сезіне білу ге тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын:** «Көктемгі гүлдер» Шарты: себеттегі гүл дердің ішінен көктем де гүлдейтін гүлдерді шығарып алып, сол гүлді сипаттайды. Мысалы: бәйшешек, қызғалдақ, сарғалдақ. **Математика** **Д/о: «Сипап сезу арқылы санау»**	**Сауат ашу негіздері** **«Әріптер әлемі»** Мақсаты: балаларды үйренген әріптерді қайталап дұрыс айта білуге дағдыландыру. Үлкен әріптен кіші әріпті айыра білуге үйрету. Ойын шарты: тәрбие ші әріптер жазылған карточкаларды, кубик терді, плакаттарды, компютерді көрсете отырып түсіндіреді. Егер бас әріп көрсетіл ген болса, балалар соның кішісін көрсетуі тиіс. Ал кішісі көрсе тілсе, оның бас әрпін тауып көрсетеді. Бала ларды топқа бөліп, осылайша ойынды жалғастыра береді. Бұл ойында әріптерді қатесіз, таза жазған балаларды мадақтайды **Музыка** **(маман жоспарымен)** **Математика негіздері**		**Сөйлеуді дамыту** «Аналар мерекесі» **Мақсаты:** Әр адам үшін басты тұлға – ана туралы түсінікте рін тиянақтау. Ана туралы жаттаған тақпақтарын мәнерлеп айтуға үйрету. Анасы туралы пікірін тиянақ ты еркін жеткізе білу ге талпындыру. Аналарға құрметпен қарауға тәрбиелеу. Көктемде болатын мерекелер туралы әңгіме жүргізу. Сурет бойынша жұмыс. Аналар мерекесін бейнелеген сурет арқылы көктемнің алғашқы мерекесі – халықаралық әйелдер мерекесі туралы түсінік беру. *Д/о:* «Кімнің дауысы, табайық!» **Қоршаған ортамен танысу**	**Дене шынықтыру** 1.Көлбеу тақтай бойымен алақаны және тізесімен жорғалау. 2.Гимнастикалық орындық бойымен қолы белінде,бір жағымен қырындап жүру. 3.Қос аяғымен заттардың үстінен секіру. 4.Жерде шашылып жатқан шығыршықтың арасымен жүру, белгі бойынша шығыршықтың ішіне тұра қалу. 5.Шығыршықты екі қолына ұстап жүгіру. Қ/О:«Көліктер жүріп келеді» **Сауат ашу негіздері** **Дидактикалық/о:** **«Буынға буын қос»** Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрастырып, айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу. Ойын шарты: балалар

	Мақсаты: сипай сезіп санау арқылы қарамай ақ екі топтағы заттар ды салыстыруға үйре ту (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу. Ойын шарты: үстелдің үстінде орамалмен жабылған заттардың екі тобы (4 кірпіш,5 жүк машинасы) қой-ы Шақырылған бала бір топтағы заттардың санын орамалды аш пай қолмен ұстап санау арқылы анықтап қорытынды санды айтады және осылай ша екінші топтағы заттар да саналады. Қарамай-ақ қай топта ғы заттардың артық не кем екенін салысты рады. Содан кейін жабулы орамал алына ды да, барлық балалар мен жауаптың дұрыс тығы тексеріледі. Ары қарай топтарды салыс тыру арқылы неше артық, неше кем екенін анықтайды. **Жапсыру** **«Әжеге арналған орамал»**	***Д/о: «Жануарларды орналастыр»*** Мақсаты: балаларды тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білуге үйрету. Шарты: 5 бала кезек пен тақтадағы тапсыр маны, ал қалғандары үстелдің үстіндегі парақ қағазда фишка мен орындайды. -Оң жақтағы жоғарғы үйшікке ақтиінді орналастыр. -Сол жақтағы төменгі үйшікке мысықты орналастыр. -Төменгі оң жақтағы үйшікке аюды орналастыр. -Жоғарғы сол жақтағы үйшікке қасқырды орналастыр. -Барлық аңдарға үйшіктер жетті ме? -Неше үйшік екенін санаңдар. Осы санды цифрмен көрсетіңдер. -Қай сан артық? 4 пе, әлде 5 пе? -Аңдардың қайсысы артық? Неге? **Қоршаған ортамен танысу** «Көктемгі еңбек» Мақсаты: үлкендердің еңбектері туралы		**Музыка (маман жоспарымен)** **Қазақ тілі мақсаты:** суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.	мен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады. Тәрбиеші сөздің бас қы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды. Мысалы: ау- (ла), ал-(ма), Са-(ра), сә-(біз) Ойын соңында жеңім паз бала анықталып, мадақталады. **Көркем әдебиет** «Бағбан және оның ұлдары» Л.Н.Толстой Мақсаты: балаларға мысал әңгіменің маз мұнын түсініп, бірле сіп жұмыс істеуге үйрету. Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру. Бірле сіп еңбек етуге тәр-у. Сұрақ: жұмыс қай кезде жеңіл болады, барлығы бірігіп істе генде ме, әлде бір адам істегенде ме? «Бағбан және оның ұлдары» атты мысал әңгімесін оқып беру. Мазмұны бойынша әңгімелесу. **Математика негіздері** ***Д/о: «Зат неге ұқсайды?»*** Мақсаты: геометрия

	Мақсаты:Қазақ ою-өрнегінің элементтерімен таныстыру. Шар шы пішінді заттарды дайын бөл шектермен ырғақты композиция лық әшекеймен безендіруді үйрету.	балалардың түсініктерін әрі қарай дамыту. Ауылшаруашылық өнімдерінің түрлері, оларды өндіретін адамдардың еңбектері жайлы мағлұматтар беру.			лық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометрия лық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	**Қардың алғашқы еруін бақылау** Балалардың назарын қардың алғашқы ерігеН тұстарына аудару, неліктен барлық жерде бірдей қар кетпейді (ең алдымен жазық жерлер мен төбелердің қары ериді, себебі ол жерге күн көзі мол түседі) Күн сәулесі мен жарық жердің тұстары тез еритіндігі туралы балалардың түйсігіне тую. Байқампаздықты дамыту. **Болжам** Егер қар күрт еріген тұстарда көктемнің алғашқы гүлдері және өгейшөп өссе-онда наурыз айы мен көкек айының басы жылы болады. **Тақпақ: Көктем** Көкке бояп өңірді, Көктем келді көңілді.	**Қардың алғашқы еруін бақылау** Қимылды ойын: «Жүгір-отыр-жүгір!» Белгі бойынша әрекет жасауды дамытуды жалғастыру.(«Жүгір!» балалар алаңда жүгіреді, «Отыр!»-отырады); жылдамдықты (бұйрықты тез орындау). Күнделікті белсенді қимыл әрекетті қалыптастыру. **Еңбек: Терезе алдындағы бақша (суару)** Өз бетімен суару ережесін орындауды үйрету, топырақты қопсыту, су бүрку. Ұқыптылық пен еңбексүйгіштікті тәрбиелеу. **Д/о: «Көктем ерекшеліктерін кім көп атайды?»** Ерте түскен көктемнің ерекшеліктерін атай білуге үйрету. Сөздік		**Жылғалар мен шалшықтарды бақылау** Балаларда қардың еруінен пайда болатын жылға мен шалшықтар туралы түсінігін қалыптастыру. Жылғаның басталатын тұсы мен ағар жолын тауып алу. Жылғаның сыңғырлап ағуын тыңдау. **Жұмбақ** Жылт-жылт еткен Жырадан өткен. (су) **Болжам** Егер қар тез еріп, су жылдам ақса- жаз жаңбырлы болады. Сәуірде шалғын суы мол болса-шөп көп болады. **Тақпақ** Көркемдеген жер-көкті, Көктем қандай тамаша! Жерге әкеліп төсенті Алуан гүлді алаша. **К/о: «Батылдар»**	**Жылғалар мен шалшықтарды бақылау**

	Бау-бақшада,орманда Құстар әні төгілді. **Тәжірибе. «Қай жердің қары тез ериді?»**	қорын молайту. Өзіндік іс-әрекет Ойын барысында бірі гіп 2-3 рөлден тұратын ойындарды құрдаста рымен бірігіп ойнау.		Жылғалар мен шал шықтардан секіріп өту, ұзындыққа секіру ді үйретуді жалғасты ру, дұрыс қона білу. Секіру барысында тепе-теңдікті сақтай білуге тәрбиелеу.	
Серуеннен оралу	балалар қолдарын тамақтың алдында өз бетінше жууға, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге үйрету, қасықты оң қолмен ұстауға баулу: А.Меңжанова «Тазалықтың досы» ойыны, мақсаты: көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуге үйрету, Б. Кірібаев «Сабын жыры» М.Әлімбева «Бұл не?» салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру (Көркем әдебиет, Сөйлеуді дамыту)				
Түскі ас	қасықты оң қолмен ұстауға баулу, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу үйрету, мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту. «Он саусақ» үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп,				
Күндізгі ұйқы	тапсырмаларды орындайды (мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру, өзіне-өзі қызмет көрсету) Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға үйрету, досының шешінбегенін байқауға және оған көмегін ұсынуға баулу.«Әжемнің ертегісі» ертегіні мұқият тыңдауға машықтандыру				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Көзімізді ашайық, Бойымызды жазайық, Қолымызды созайық, Жаттығулар жасайық,				
Бесін ас	мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту, ұқыпты тамақтану дағдыларын жетілдіру (Қоршаған ортамен танысу, мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау тағы басқа әрекеттер)	**Сюжеттік-рөлді ойын: «Тігінші»** Мақсаты: балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгіме лей білуге дағдылан дыру.	**Д/о: «Мамандық қызметі** Мақсаты: балаларға есімдерді дұрыс атау ды үйрету, мамандық тардың атауларын бекі ту.	**Үстел үсті ойыны: «Не жетіспейді»** Мақсаты: көзбен қабылдау және ойлау қабілетін дамыту.	**Саусақ жаттығуы: Өрмекші** Өрмелеген өрмекші Өнеріңді көрсетші. Қалай,қайтіп тоқыдың Мынау ғажап өрмекті?	**Д/о: «Дәндер»** Мақсаты: балалардың қиялын дамыту, қимыл үйлесімділігін жетілдіру.
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық, серуен	«Кім жылдам» ойыны мақсаты: өзін ретке келтіруге, өзіне-өзі қызмет көрсетуге бауду				
Серуен					
Үйге қайту	Ата аналармен балалардың көңіл күйі, балалар отбасында өздері не істей алатындары, баланың жеке қызығушылығы туралы әңгімелесу, балаларға қандай ертегілер оқуға болатындығы жөнінде кеңес беру				

Тексерілді Жилаз
Әдіскер Шлапкулова

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: ЖШС «Нұр-Әли»
Тобы: «Күншуақ» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 2023 жыл наурыз айы, (13-17 аралығы)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүсенбі 20	Сейсенбі 21	Сәрсенбі 22	Бейсенбі 23	Жұма 24
Балаларды қабылдау	Балаларды таңғы сүзгіден өткізіп, көтеріңкі көңіл күймен қабылдау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Балаларға ыңғайлы жағдай жасай отырып, қызығушылығын арттыру үшін жеке ойын ұйымдастыру. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуге машықтандыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге әдеттендіру (Сөйлеуді дамыту, танымдық әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу балалардың жеке ерекшеліктері туралы сұхбаттасу. Баланың жан-жақты дамуына қолайлы қауіпсіз жағдай жасаңыз.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)					
Таңертенгі жаттығу	«Ысқырғыш»: Бірінен соң бірі сапта тұрып бағыт өзгерте жүру. «Шапалақ»: Бытырап жүгіру.Қолдарын алға, артқа тербету.				

	Оңға бұрылып қолды артқа созу, солға бұрылып қолды артқа созу. Түзу тұрып, аяқты алшақ қойып, қолды шынтақта бүгу: «насоспен» дөңгелекке жел үрлегендей қимылдарп жасау. Арқаға жатып, дене бойымен қолды созу, аяқтарын кеудеге тартып тізеден қолмен шапалақтау, қайта қалыпқа келу.				
Таңғы ас	Балалар қолдарын тамақтың алдында сабынды дұрыс қолданып өз бетінше жууға, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге, орамалды орнына ілуді үйрету, қасықты оң қолмен ұстауға баулу, нанды ұтітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету (мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық					
